

#ЖаңаҚазақстан

Біз қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің, өзара қолдау мен жасампаз еңбектің арқасында кез келген қиындықты еңсеріп, көздеген мақсатымызға жетеміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН»



ҰЛТТЫҚ ЖОБАДАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

12

ӘЛЕУМЕТ



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

22

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 26 тамызда Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесу өткізеді.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

25.08.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

26.08.2022

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №98 (6233) 25 тамыз, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

Әзербайжанның Физули қаласында Құрманғазы атындағы шығармашылық даму орталығы салынады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесті

Әзербайжан Президентінің «Загульба» резиденциясында Мемлекет басшысын салтанатты ресми қарсы алу шарасы өтті. Салтанатты рәсімнен соң екі ел Президенттері келіссөз жүргізді. Бұл сапар аясындағы маңызды ақжолтай жаңалық – Қазақстан Президентінің шешімімен Физули қаласында Құрманғазы атындағы шығармашылық даму орталығының іргесі қаланатын болды!

2

МОБИЛЬДІ КӨЛІК

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ: нақты ережелер бекітіледі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда электрсамокаттарды қауіпсіз пайдалану мәселелеріне арналған баспасөз конференциясы өтті. Оған Алматы қаласы Полициясы баспасөз қызметінің жетекшісі Салтанат Әзірбек және Whoosh компаниясының халықаралық байланыс бөлімінің басшысы Даниил Капцан қатысты.

4

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысының төрағалығымен экономикалық мәселелер жөніндегі кеңес өтті.
- Үкімет басшысы отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырысын өткізді.
- Қазақстанда Әзербайжан мәдениетінің онкүндігі өтеді.
- Әзербайжанда Ахмет Байтұрсынұлының атына көше берілді.
- Құтлық Елтеріс қағанның кешені мен жазуы табылды.
- «Болашақ» бағдарламасы: БАҚ қызметкерлері тағылымдамадан өте алады.
- Үздік бизнес-идея ұсынған кәсіпкерлерге грант берілді.
- 60 мың гектар жайылымдық жер мемлекетке қайтарылды.
- Алматыдан шығарыстағы такси ұстаушыларды «Сергек» бақылайды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен экономикалық мәселелер жөніндегі кеңес өтті.

Оның күн тәртібінде еліміздің 2023–2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, сондай-ақ 2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасына қатысты мәселелер қаралды. Үкімет ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 3 пайыздан кем болмайды. Ал 2023 жылы 4 пайызға жетеді. Үкіметтің деректеріне сәйкес, жалпы ішкі өнімнің номиналды өсімі биылғы 103,6 триллион теңгеден 2023 жылы 120,7 триллион теңгеге дейін жетеді деп болжанып отыр. Болжам бойынша келесі жылы салық түсімдерінің артуы есебінен бюджеттің кіріс бөлігі 10,5 триллион теңгеден 13,5 триллион теңгеге дейін ұлғаяды. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет назарын тағы да қаржыны тиімді жоспарлау мен үлестіру қажеттілігіне аударды.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырысын өткізді.

Жиын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелеріне арналды. Оған қатысушылар ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және тасымалдау мәселелерін, сондай-ақ құс шаруашылығын, тұқым шаруашылығын және қант саласын дамыту мәселелерін талқылады. АӨК-ті субсидиялау жүйесін реформалау бойынша рәсімдерді оңайлату, қолданыстағы бағыттарды оңтайландыру және субсидиялардың жаңа түрлерін енгізу, инновацияларды пайдалануды ынталандыру және ауылда кооперацияны дамытуды көздейтін жаңа тәсілдер жайлы әңгіме өрбіді. Бұл ретте субсидиялаудың барлық бағыттары бойынша мемлекеттік қаражат алушылар үшін бақылау құралдары мен қарсы міндеттемелерді енгізу жоспарлануда.

Премьер-Министр түзетулер пакеті шеңберінде өнімнің бір бөлігін ішкі нарықта сату бойынша міндеттемені қарастыру қажет екенін атап өтті. «Біз ауылшаруашылық тауар өндірушілер субсидия алып, барлық өнімдерді экспортқа шығарып жатқанын көріп отырмыз. Яғни кейбір позициялар бойынша тапшылық байқалады, ал бұл бағаның өсуіне әкеледі. Сондықтан өнімнің бір бөлігі ішкі нарықта сатылуы керек. Мұны өндіріс пен тұтыну көлемінің негізінде анықтау қажет», – деді Әлихан Смайылов.

■ МИНИСТР

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев республиканың барлық өңірінде жаппай егін жинау басталғанын айтты. Бүгінде барлығы 2,2 млн га дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (13,9%) жиналды, орташа өнімділік 14,6 ц/га жағдайында 3,3 млн тонна астық бастырылды. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары жиналған алаң 23,4 млн гектарды құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда, 387,1 мың гектарға артық. Ауыспалы қалдықтарды ескере отырып, жалпы астық жинаудан күтілетін көлем республиканың ішкі қажеттілігін толық қамтамасыз ету, сондай-ақ астықтың белгілі бір көлемін экспортқа өткізу және дәстүрлі нарықтардағы сауда позицияларын сақтау үшін жеткілікті. Демек, Қазақстан биылғы егін есебінен өзін астықпен толық қамтамасыз етеді.

■ РЕФОРМА

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылбаев құрылыс саласын реформалау, осы саланың тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу қорытындылары бойынша заңнамалық түзетулер пакеті жайлы айтты.

Жаңа нормаларды енгізудің арқасында шағын және орта бизнестің мемлекеттік сатып алуға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту, заңсыз және өнімсіз қосалқы мердігерлердің, сондай-ақ біліктілігі жоқ лицензиаттардың қызметін шектеу жоспарланып отыр. Бұдан басқа, нарық субъектілеріне жер учаскелерін алу кезінде тең мүмкіндіктер беру, үлестік құрылыс саласын жетілдіру және сала бойынша лайықты еңбек-ақы төлеуді қамтамасыз ету жоспарда бар. Заңнамалық түзетулерді қабылдау құрылыс көлемін біркелкі бөлуге, орындалатын жұмыстардың сапасы мен ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды.

■ ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ
ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 26 тамызда Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесуі өткізеді.

2022 жылдың 26 тамызында, сағат 9.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесуі Мұратбаев көшесі, 200, Құрманғазы көшесінің қиылысындағы мекенжайда орналасқан Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық және әлем тілдері университетінде өтеді.

Коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады. Сондай-ақ, бөлмелерде қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасында және Алмалы әкімдігінің Facebook парақшасында көруге болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК
ПЕН ОДАҚТАСТЫҚМемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесті

(Басы 1-бетте)

Қазақ өнерінің
қарашаңырағы

Мемлекет басшысын салтанатты ресми қарсы алу шарасында Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Әзербайжанның әнұрандары орындалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегациялардың құрамын таныстырды.

ҚАЗАҚ – ӘЗЕРБАЙЖАН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ
ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Қазақстан Президенті Әзербайжан Республикасына ресми сапармен келуге шақырғаны үшін Ильхам Әлиевке алғыс айтты.

– Ең алдымен, бізге көрсеткен қонақжайлылығыңыз үшін сізге ризашылығымды білдіремін. Бұл – Қазақстан Президенті ретінде алғаш рет ресми сапармен келуім. Бұл сапардың мен үшін мән-маңызы айрықша. Бүгін бірқатар өте өзекті мәселелер туралы пікіралмасулар болады. Келіссөздер нәтижесінде бірқатар құжатқа қол қойылмақ. Ол екіжақты ынтымақтастықты, қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтереді деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ильхам Әлиев өзінің шақыруын қабыл алып, Әзербайжанға ресми сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, Қазақстан Президентінің Бакуға келуі екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретінін атап өтті.

Жеке келіссөзден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-әзербайжан қарым-қатынастарына қосқан зор үлесі үшін Ильхам Әлиевті Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградасы «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Бұл марапат Ильхам Әлиевке екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға зор үлес қосқаны үшін табыс етілді.

ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ
РУХАНИ ОРТАЛЫҚ

Қазақстан Президентінің шешімімен Физули қаласында Құрманғазы атындағы шығармашылықты дамыту орталығының іргесі қаланады.

Мемлекет басшысы қазақ халқының атынан жасалған бұл сыйлық елдеріміздің достығының, бауырластығының және өзара қолдаудың тағы бір нышаны болатынын атап өтті.

Онер орталығының жалпы ауданы – 3100 шаршы метр. Екі қабатты ғимарат 600 адамға арналған. Биыл қыркүйек айында іргетасы қаланып, 2023 жылдың желтоқсанында пайдалануға беріледі.

Физули қаласындағы Құрманғазы атындағы шығармашылық орталығы музыка және музыкалық аспаптар, заманауи технологиялар: жұмыс жабдықтары, 3D модельдеу, веб-дизайн, фото және видео курстар бағытында жұмыс істемек. Сонымен қатар, кілем тоқуға, қолөнерге, түрлі спорт пен хореографияға баулитын сыныптар ашылады.

Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа шексіз алғысын айтып, бұл руханият мекемесі Физули қаласының балалары үшін әлемдік деңгейдегі шығармашылық орталық болады деп сенетінін жеткізді.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ –
1 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА
ДЕЙІН ҰЛҒАЯДЫ

Қазақстан Президентінің Әзербайжанға ресми сапарының бағдарламасы мемлекеттер басшыларының кеңейтілген құраммен өткен келіссөзімен жалғасты. Қазақ-әзербайжан стратегиялық серіктестігінің негізгі мәселелері талқыланды, саяси, сауда-экономикалық, көлік-транспорттік және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды.

– Қазақстан мен Әзербайжан – жақын мемлекеттер, біз стратегиялық серіктеспіз және одақтаспыз... Біздің үкіметтеріміз жақын арада елдеріміз арасындағы тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін ұлғайту үшін жұмыс істеуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың қолайлы перспективаларына назар аударды.

– Менің ойымша, келесі жылы екі ел үкіметтері арасындағы келісім бойынша біз Қазақстанда Әзербайжан мәдениетінің онкүндігін өткізе аламыз. Сіздің еліңіздің мәдениетіне үлкен қызығушылық бар. Біз әзербайжан мәдениетінің көрнекті өкілдерін өз елімізде үлкен ілтипатпен қабылдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СУМГАИТТА АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
КӨШЕСІ БАР!

Әзербайжан Президенті жақында Сумгаит қаласының орталық көшелерінің біріне қазақ халқының көрнекті азаматы, ағартушы, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұвтың есімі берілгенін еске салды. Ол бауырлас екі ел арасындағы қарым-қатынас табысты дамитынына сенім білдірді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Президенттер Қазақстан Республикасы және Әзербайжан Республикасы арасындағы стратегиялық қатынастарды нығайту және одақтастық өзара іс-қимылды тереңдету туралы Декларацияға және Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы 2022–2026 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаға қол қойды.

Мемлекет басшысы Әзербайжан Республикасының Президенті И.Әлиевпен өткен келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ үшін мәлімдеме жасады.

– Менің бұл сапарым мерейтойлық дата – елдеріміз арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнатылғанына 30 жыл толуы қарсаңында өтуінің де символдық мәні бар... Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Біз ықпалдастықты басынан бастадық және бүгінде біз елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық туралы сенімді түрде айта аламыз. Осы серіктестігімізді одан әрі нығайту, оны әртараптандыру туралы декларацияға қол қойылды. Бұл – ала қарай жасалған нақты қадам. Арамызда сенімді саяси диалог орнады, мемлекеттеріміз халықаралық алаңдарда, ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЕҚЫҰ, Түрік мемлекеттерінің ұйымы аясында ынтымақтасып келеді. Қазақстанға келетін болсақ, біздің тарапымыздан ешқандай кедергі болмайды, біз табысты жұмыс істейміз. Біздің елдеріміздің арасындағы қарым-қатынастардың стратегиялық сипаты туралы айтуымызға нақты негіз бар. «Стратегиялық» деген сөз бізді көп нәрсеге міндеттейді, біз бұл бағыттағы ортақ ісімізге нақты мағына, нақты мазмұн беруіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Өзекті мәселелер шешімін табады

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кеше Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденов Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне қатысып, денсаулық сақтау, білім беру және жайлы орта құрудағы өзекті мәселелерді көтерді.

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, қазір «Мамыр-1» ықшамауданында бір ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық дәрігерлік амбулатория құрылысы жалғасуда. Жұмыстарды келесі жылдың I тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, жылдың соңына дейін жер телімін «Қуаныш» ықшамауданынан ауысымына 300 келушіге арналған №18 емхананың негізгі ғимаратын салу үшін сатып алу жоспарда бар. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құрылыс келесі жылы басталады.

Сайран Сайфеденовтің айтуынша, ауданда 48 мектеп жұмыс істейді, оның 33-і мемлекеттік мектеп. Барлығы 53 269 оқушы бар. Оқушы орындары тапшылығының жоғары деңгейі – негізгі мәселе.

2 мемлекеттік балабақша салынады

Биыл жылдың басында 3 мектепке – №6, 121, 133 мектептеріне қосалқы



ғимарат құрылысын пайдалануға беру 1725 оқушы орнының тапшылығын төмендетуге мүмкіндік берді. Алайда, көпқабатты тұрғын үй кешендерінің құрылысы аясында тапшылықтың күтілетін деңгейі бүгінде 3 600 орынға дейін өсті. Мамыр айында 4 ықшамауданда 400 орынды «Достық» жеке мектебі ашылды. 1 қыркүйекке қарай мектептерге қосымша 1725 орынға 2 қосымша құрылыс пайдалануға беріледі (№117 900 орынды және №132 825 орынды). Ал келесі жылы 5 білім беру нысанының құрылысын жобалау және бастау бойынша жұмыстар жоспарланған, оның ішінде: №104 мектепке 400 орынды қосымша құрылыс салу, салынып жатқан «City plus» және «Белкамит» тұрғын үй кешендері жанында 1500 орынды 2 жаңа мектеп және 800 орынды 2 балабақша салу. Аудан әкімі Сайран Сайфеденов өткен

жылдың қорытындысы бойынша 752 орынды 10 жекеменшік балабақша ашылып, 187 жұмыс орны ашылғанын хабарлады. Алайда, қазіргі уақытта аудан бойынша тапшылық 8047 орынды құрайды.

Мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшылығын азайту мақсатында 280 орынды 2 мемлекеттік балабақша салу жоспарлануда.

Жылдың соңына дейін 191 аула жөнделеді

Сондай-ақ, Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденов Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингі барысында жергілікті атқарушы органдардың күшімен жайлы қалалық орта құрылып, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы іске асырылып жатқаны туралы айтып берді.

«Аудан тұрғындарын толғандыратын мәселелердің бірі қоғамдық кеңістіктерді, сондай-ақ аула аумақтарын абаттандыру және дамыту болып табылады. Бұл бағытта тұрғындардың өмір сүруіне, ауданды көгалдандыруға жайлы және қолайлы орта құру бойынша кешенді шаралар жүргізу жалғасуда», – деді аудан әкімі С.Сайфеденов.

Ауданда 966 аула алаңы (847 алаң абаттандыруға жатады), онда 656 алаң жөнделді. 2022 жылдың соңына дейін 191 аула аумағын күрделі жөндеуді аяқтау жоспарланып отыр. Бүгінде 9 және 11 ықшамаудандарындағы 30 аулада құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, олар ағымдағы жылдың қыркүйек айында аяқталады.

«Халық қатысатын бюджет» аясында

2022 жылы барлық іріктелген 23 жоба бойынша 800 млн теңге сомасына құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Жобалар 1 қыркүйекке дейін жүзеге асады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында тұрғындардың ұсынысына сәйкес, қала әкімі Е.Досаевтың тапсырмасы бойынша қаржыландыру бөлімді және бүгінгі күні шағынауданда саябақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. «Ақсай-2» ықшамауданындағы барлық жұмыстарды осы жылдың қазан айында аяқтау жоспарланып отыр.

Әуезов ауданының әкімі 2023-2024 жылдарға арналған абаттандыру жоспары туралы да айтып берді.

«Біздің тұрғындардың бастамасы бойынша Алтынсарин даңғылын қайта жаңарту жоспарлануда. Бүгінгі күні ауданның магистральды көшелері, оның ішінде Алтынсарин даңғылы бойынша жаяу жүргіншілер кеңістігін қайта құру бойынша ЖСҚ әзірленуде», – деп жалғастырды аудан әкімі.

Олар мына мекенжайларда пайда болады:

- Абай даңғылы, Алматы өзенінен Момышұлы көшесіне дейін;
- Алтынсарин даңғылы, Жандосов көшесінен Қабдолов көшесіне дейін;
- Төле би көшесі, Сайран көлінен Яссауи көшесіне дейін;
- Жандосов көшесі, Алматы өзенінен Саин көшесіне дейін;
- Момышұлы көшесі, Шалыпин көшесінен Төле би көшесіне дейін;
- Саин көшесі, Абай даңғылынан Төле би көшесіне дейін.

Мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін, 2023 жылдың соңында құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау жоспарлануда.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Тұрғындар әлеуеті артып келеді

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің орынбасары Ертіс Бесіров Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде аудан аумағында қандай кәсіпорындардың ашылғаны және 2022 жылы қандай кәсіпорындардың ашылатыны туралы айтып берді.

Өнеркәсіптік өндіріс

2022 жылдың 6 айында Алатау ауданы бойынша мемлекеттік бюджетке 35,4 млрд теңге түсті, оның ішінде республикалық бюджетке – 17,4 млрд теңге, жергілікті бюджетке – 17,9 млрд теңге. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 52,4 млрд теңгені құрады. Жыл басынан бері 3516 жұмыс орны құрылды.

«Индустриялық аймақ ауданның басты өнеркәсіптік әлеует болып табылады. Бүгінде жалпы сомасы 114,7 млрд теңгені құрайтын 2688 жұмыс орнын құру арқылы 19 жоба іске асырылды, 519,1 млрд теңгеге өнім өндірілді», – деп хабарлады Е.Бесіров.

Кәсіпорындар тізімінде «BRB APK», «Almarask», «DOC Co.LTD», «TOKYO ROPE ALMATY», «KMK Investment», «KazTigerTape», «ЭНКО», «ASSET», «Техновид», «МПЗ Бижан», «ДорХан-Алматы», «Алмерек», «Hyundai Trans Kazakhstan», «СК Рахат» «Г.С.Г. Высотник», «KMK Investment второй этап», «Asia steel pipe corporation», және 3 өндірістік парк «ADS



Industries», «KazStoryTrade», «ALAESTATE».

2022 жылдың соңына дейін 276 жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 10,1 млрд теңгеге тағы 6 жобаны іске асыру жоспарлануда: «Каз-Диа-Тест», «City Stone», «Электробар», «Valtherm», «Story Production», «TEPLOSTIL».

Тағы да бір басты перспективалық жобалардың бірі өнеркәсіптік парктарды дамыту болып табылады. Биылғы жылы 370-тен астам жұмыс орнын құрумен, 15 480 ш.м. құрайтын өндірістік үй-жайларды пайдалануға берумен 3 өнеркәсіптік парктарды (ALAESTATE-2, «Qazaq Plast» ЖШС, «Alatau Industrial Park», сондай-ақ ADS Industries-тің 2-ші кезеңі) іске қосу жоспарлануда.

Әлеуметтік көмек

Бүгінгі күні атаулы әлеуметтік көмекті жалпы сомасы 428,8 млн теңгені құрайтын 1578 отбасы алады, тұрғын үй

көмегін 7,1 млн теңге көлемінде 279 отбасы алды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің орынбасары Ертіс Бесіров айтты.

«2021–2025 ж.ж. арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы аясында 8010 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына 196 адам, қоғамдық жұмыс орындарына 1835 адам, жастар практикасына 159 адам, 400 АЕК көлемінде гранттар 7 адамға және тұрақты жұмыс орындары 1056 адамға берілді», – деп атап өтті Е.Бесіров.

2022 жылдың басынан «TAU – Шаңырақ» қорының қолдауымен 1000-нан астам әлеуметтік осал отбасылар, «Unicef» қоры тарапынан 55 отбасы азық-түлік жиынтығымен, 50 отбасы түрлі киім-кешек түрлерімен қамтамасыз етілді.

Ауданда аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдау үшін «Бақытты отбасы», «Шыңға өрлеу» және «Белсенді ұзақ өмір» әлеуметтік орталықтары және «Алатау аналары», «Аналарға көмек» және «Зейін» қоғамдық қорлары жұмыс істейді.

«Аталған орталықтар аналарға, балаларға, зейнеткерлерге консультативті және ресурстық қолдау көрсетеді, базалық тренингтер өткізеді, жұмысқа орналастыруға қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, әйелдерге тігін ісі, косметологиялық қызметтер, компьютерлік сауаттылық және тағы басқалар оқытылады, ал аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға музыка мен өнер, би және түрлі аспаптарда ойнау үйретіледі», – деп хабарлады Е.Бесіров.

Сонымен қатар, Алматы қаласы Құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша «Томирис» ш/а белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік көмек пунктін құрылысы жүргізілуде.

Мектептер оқу жылына дайын

Е.Бесіровтің хабарлауынша, ауданда 28 мемлекеттік және 3 жекеменшік мектеп жұмыс істейді, барлығы 48 771 оқушы білім алуға.

«2022–2023 оқу жылына 1-сыныпқа 5935 оқушы тіркелді, оның ішінде қазақ сыныбына 4793 оқушы, орыс сыныбына 1142 оқушы қабылданды. Жеке мектептерде 709 бала білім алуға, 140 бала 1-сыныпқа қабылданды», – деп айтты Е.Бесіров.

Қазірде жаңадан пайдалануға берілген №204 және №205 мектептерінің құқықтық құжаттары дайындалып жатқандығы белгілі болды.

Бүгінде барлық білім беру мекемелерінде жылу беру маусымына дайындық және ағымдағы жөндеу жұмыстары 100 пайызға орындалды. Сондай-ақ, №166 лицейде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

«Ауданда «Дархан», «Нұркент», «Мәдениет» шағынаудандарында 1500 орынды 3 мектеп салынуда. Аяқтау мерзімі 2022 жылдың қараша айында жоспарланып отыр. Салынып жатқан 3 мектептен басқа, «Саялы-2» және «Зерделі» шағынаудандарда 550 орынды 2 мектеп салуды жоспарлап отырмыз», – деп хабарлады Е.Бесіров.

Ауданда 20 мемлекеттік және 161 жекеменшік балабақша жұмыс істейді.

«Саялы-2» шағынауданында 160 орынды балабақша салынып жатыр.

Е.Бесіров өз сөзінде «Қарасу» және «Саялы» шағынаудандарында заманауи дәрігерлік амбулаториялар салу жоспарланып отырғанын айтты. 600 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта бұл нысандар бойынша да мемлекеттік сатып алу рәсімі жүргізілуде. Құрылыс ағымдағы жылдың 4-тоқсанында басталып, 2023 жылы аяқталады.

Сонымен қатар, «Нұркент» шағынауданында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығының ғимараты салынуда.



ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ – 30!

Биыл республика шекарасын күзететін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне 30 жыл толып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Шекара академиясының басшысы, полковник Павел Поливанов шекарашы мамандығына түсу жолдары туралы айтты.

ЕЛДІ ҚОРҒАЙТЫН – ЕР-ЖІГІТТЕР

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

«Әдетте, еліміздің шекарасын қорғағысы келетін талапкерлер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясына түсуді армандайды. Шекара академиясы өз қызметін білім беру қызметінің үш деңгейінде жүзеге асырады. Бұл бакалавриат, магистратура және докторантура. Жыл сайын біз бакалавриатқа бірінші курсқа түсетін 300-ге дейін талапкерді қабылдаймыз», – деді Шекара академиясының басшысы, полковник Павел Поливанов.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарының жоғары мамандандырылған оқу орнының бакалавриатына орта немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, әскери борышын өтемеген, қабылданған жылы 17 жасқа толған, бірақ 21 жастан асқан азаматтар қабылданады.

Сондай-ақ, әскери қызмет не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар және оқуға түсетін жылы 24 жасқа толғанға дейін әскерге шақыру бойын-

ша мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер оқуға түсе алады. Оқуға түсу үшін үшінші санат – оқуға түсетін жылы 25 жасқа толмаған келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүрген қызметкерлер қабылданады.

ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсуге үміткерлер қабылдау жылының алдындағы 1 қарашаға дейін тестілеу және оқу тілін көрсете отырып, тұрғылықты жері немесе қызмет орны бойынша ҰҚК органдарына тапсырады.

«Бұдан кейін құжаттарды жинау, кандидаттарға материалдарды тексеру жүзеге асырылады. ҰБТ тапсырғаннан кейін үміткер түсу жылының 7 шілдесінен кешкітпей, Шекара академиясын шақырғаннан кейін Алматы қаласы, Іле ауданы, Қарой кентіне абитур-риенттік жайындарды өткізу үшін келеді», – деді П.Поливанов.

Сонымен қатар, қабылдау кезінде үміткердің әлеуеті, атап айтқанда, физикалық дайындығы, моральдық және медициналық жарамдылығы тексеріледі.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

«Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру мақсатындағы конституциялық жаңғырту» тақырыбы аясында конференция өтті

Философия, саясаттану және дінтану институты Алматы қаласы әкімдігінің Қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру мақсатындағы конституциялық жаңғырту» тақырыбында конференция өткізді. Кездесу барысында «Жаңа Қазақстанды» саяси жаңғырту мәселелері талқыланды.



Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан конституциялық реформаларды талқылау барысында конференцияға қатысушылар – гуманитарлық ғылымдар саласындағы жетекші отандық ғалымдар мен сарапшылар Конституциялық жаңғыртуға талдау жасады. Қазақстандағы ішкі саяси процестерді дамытудың нақты траекториясы туралы өз пікірлерін білдірді және «Жаңа Қазақстанды» тұжырымдамалауға қатысты өз ұсынымдарын ұсынды.

Конференция жұмысына беделді ғалымдар мен сарапшылар қатысты. Философия, саясаттану және дінтану институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Серік Сейдуманов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Еділ Мамытбеков, ФСДИ Саяси зерттеулер орталығының директоры, философия ғылымының кандидаты Айдар Әмребаев,

филология ғылымының кандидаты Светлана Ананьева сынды бірқатар ғалымдар мен қоғам қайраткерлері сөз алып, өз ойларын ортаға салды.

– Жаңа Қазақстан – мемлекетіміздің болашаққа бағдарланған істерінің бір парасы деп білеміз. Сонымен қоса, алда атқарылар істерге тың серпін береді. Қазақстанда жүзеге асып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік жұмыстардың баршасы ел өркендігіне септігін тигізеді. Біздің буынның басты мақсаты осы бағыттан таймай, алға дамудың жаңа мүмкіндігін қарастыруымыз керек. Еліміздің алар асуы алда, бағындырар шырдары көп болсын, – деді А.Әмребаев.

Еліміздегі оң өзгерістер, игі бастамалардың жүзеге асуына байланысты ойлар айтылды. «Жаңа Қазақстан» қалыптастыруда құқықтық-нормативтік заңдардың

орындалуы және қадағалануы жайында нәтижелі пікірталас өрбіді.

– Мемлекетімізде үлкен жаңалықтар мен тың өзгерістер орын алуда. Оның басым көпшілігі елдің әл-ауқатының көтерілуіне негізделген. Біздің Ата Заңымыз осы аталған ұғымдардың заңдық әрі құқықтық негізде іске асуына негіз болып отыр. Сондықтан да Отанымыздың қарыштап ілгері басуы әрбірімізге тікелей қатысты. Осы жолда әрбіріміз үлес қоссақ, дамудың даңғыл жолына түскен болып саналамыз, – деді философия ғылымының докторы, профессор Рүстем Қадыржанов.

Сондай-ақ, жиында 30 тамыз күні аталып өтілетін Қазақстан Республикасы Конституциясының мән-маңызы, бүгінгі қоғамдағы ролі туралы тұжырымдалды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

МОБИЛЬДІ КӨЛІК

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ:
нақты ережелер бекітіледі

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

– Қала әкімдігімен біріге отырып Whoosh компаниясы электрсамокат жүргізуді үйрететін мектеп ұйымдастырды. Бұл мектеп алдағы уақытта күнделікті болмаса да, апта сайын аудандарда жұмысын жалғастырады. Үш күн ішінде 600-ге жуық тұрғын біздің мектептің көмегіне жүгінген. Компания мамандары жүргізген зерттеу нәтижесінде біз электрсамокат қолданушыларының тарапынан жиі қайталанатын қателіктерді анықтадық.

Бірінші кезекте, жаяу жүргіншілер жолынан дұрыс өтпеу. Яғни көптеген самокатшы жолдан жаяу өтпейді. Соның салдарынан жазатайым оқиғалар негізінен көлік жолдарының қиылысында орын алады. Екіншіден, бір самокатқа бірнеше адам отыру. Бұл жеңіл көлік бір адамға есептелген. Оған екі адамның мінгесіп алуы – электрсамокат қолданушыларына да, олардың айналасындағы адамдарға да қауіп төндіреді.

Мысалы, күтпеген жерден бала жүгіріп шықса, екі адам электрсамокатты тоқтата алмай қалады. Үшіншіден, кемелет жасқа толмаған балалардың жеңіл көлікті пайдалануы. Балалар барлық жол ережесін есте сақтай алмауы мүмкін, сондықтан біраз жылдамдыққа ие бұл көліктерді 18 жастан асқан тұлғалардың пайдаланғаны дұрыс, – деді Whoosh компаниясының халықаралық байланыс бөлімінің басшысы Даниил Капцан.

– Алматы мегаполис болғандықтан, шаһарымызда көлік қозғалысының деңгейі өте жоғары. Сондықтан бүгінгі күні қаладағы басты мәселелердің бірі – жол-көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ресми деректерге сүйенсек, Алматыда қазіргі уақытта 570 мың көлік тіркелген. Сондай-ақ, сырт аймақтардан тағы 200–300 мыңға жуық көлік күнделікті қалаға кіріп шығады. Жақын уақыттан бері мегаполи-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

листері көлік қозғалысына жаңа көлік түрі – электрсамокаттар қосылды. Қазіргі уақытта айтылған мобильді көлікті пайдалану байланысты стандарттар бекітілді. Оның негізінде жол жүрісі туралы заңнамаға және әкімшілік кодекстің нормаларына өзгерістер енді енгізіледі. Өзірге жол ережесін бұзған самокат жүргізушілері әкімшілік кодекстің 615-бабы бойынша жауапқа тартылып жүр, – деді Алматы қаласы Полициясы баспасөз қызметінің жетекшісі Салтанат Өзірбек. Сондай-ақ, құзырлы орган өкілі электрсамокат қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары туралы айтып өтті.

– Биылғы бірінші жартыжылдықта Алматыда мобильді көлік (мопед, электрсамокат, велосипед және т.б.) салдарынан 77 жол-көлік оқиғасы орын алып, 87 адам зардап шекті. Оның ішінде электрсамокаттардың қатысуымен 22 ЖКО болған, 23 адам жарақат алып, бір оқиға кісі өлімімен аяқталған. Құзыретті органдар тарапынан мұндай жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін қақтығыс жиі туындайтын аймақтар қалалық полиция департаменті тарапынан жіті бақыланады. Ондай аудандардың тұрғындарымен профилактикалық жұмыстар жүргізіледі, – деді С.Өзірбек.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«ҰЛЫ ТҰЛҒА – ҰЛЫ ЭПОПЕЯ»

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК-не қарасты Алматы музейінде М.Әуезовтің 125 жылдығы мен «Абай жолы» роман-эпопеясының жарыққа шығуына 80 жыл толуына орай «Ұлы тұлға – ұлы эпопея» тақырыбында «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Шараға «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК директоры Ләззат Сағындықова, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының кандидаты Арман Жұмаділов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Шойынбет және студенттер, зиялы қауым өкілдері, тілшілер қатысты.

Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің есімдері бұл күндері ұлттық сана-сезімде мәңгі аталатын ұлы тұлғаларға айналды. Дана Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде тануымыз ұлы ақынның өз мұрасы арқылы ғана емес, сонымен бірге әлемдік көркем ойдың алтын қазынасына айналған М.Әуезовтің тарихи эпопеясы арқылы жүзеге асты. Бұл ретте ең бірінші тілге тиек етеріміз – М.Әуезов әлемінің Абай әлемімен рухани сабақтастық мәселесі.

Абайдан Мұхтарды, Мұхтардан Абайды бөліп айту мүмкін емес. Ұлы ойшыл Абайдың өмірі мен ақындық жолы – Мұхтар Әуезовтің шығармашылық қызметінің басты тақырыбы. Бұл тақырыпты игеруге М.Әуезов өзінің бүкіл саналы өмірін, ақылының қайраты мен жүрегінің қызуын түгел арнады.

Қазақ халқының рухани, мәдени һәм әдеби өміріндегі шамшы-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

рақтарының еңбегі, жазған шығармаларының бүгінгі ұрпаққа жетіуі турасында ой-пікірлер айтылды. Осы төңірегінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Шойынбет біршама тың деректер мен пайымдар келтірді.

– Біз Абайды әлі жете тани алмай келеміз. 1972 жылы Абайтанушы ғалым-ұстазымыз Мекемтас Мырзахметов маған Абайдан тақырып берді. Ақынның діни көзқарасы мен ойлары жайында жазуым керектігін айтты. Ол уақытта Кеңестер Одағының қылышынан қан тамып тұрған кез, былайша айтқанда, «Құдайсыз қоғамның» шағы еді. Сол кезде біраз жүрексіндім. Дегенмен, бүгінгі таңда аталған тақырыпқа барғанымың дұрыс болғандығына көзім жетті. Бізге мұсылманшылықты түсіндіргенде, Абайдың ілімдерінен ұғындыру қажет. Сонда Кеңестік идеологиядан енді арылғандарға түсініктірек болады. Бізге алыптарымыздың пенделік жағы емес, шығармашылық қыры маңыздырақ. Осы жағынан өскелең ұрпақ мән беріп, өздеріне керекті тура жолды айқындар деп сенеміз, – деді ол.

Абайдың қазақтың көзін ашқан ұлы тұлға болғандығы мәлім. Ал оның әлемдік аренаға шығуына ықпал еткен М.Әуезовтің «Абай жолы» романы екені баршаға аян. Бұл төңірегінде бірқатар пайымдаулар сөз болды.

– Қазақ халқының ұлы жазушысы Мұханның 125 жылдық мерейтойы құтты болсын дейміз. Осыған қатысты қыркүйекте бірқатар шаралар басталғалы тұр. Үлкен-үлкен салтанатты жиындар өтеді деп күтілуде. Мұхтар Әуезов өзінің тырнақалды туындыларын көсемсөзден бастады. Ол Илияс Жансүгіровпен бірлесіп «Екеу» деген мақала жазды. Оны 1917 жылы «Қазақтың өзгеше мінездері» деген атпен Ташкентте жарық көрген «Алаш» газетінде бастырды. 1918 жылы Семейде 12 нөмірі шыққан «Абай» журналында Мұханның әдеби-публицистика мақалалары басылып тұрды. Сондай-ақ, Қызылжарда да «Ескеру керек, егінге дайында-лындар» деген мақалалары баста бетін көрген болатын. Жалпы, екі тұлғаның қай қырын алып қарасаңыз да тұнған байлық, рухани кемелдік мүлгіп жатыр, – деп түйді ақын Бауыржан Омаров.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ШАҒЫМ



«СУ ТАСЫП ІШЕМІЗ»

«Қарасу» ықшамауданы тұрғындары тарапынан су қысымының төмен, кейде мүлде жоқ болуына байланысты редакциямызға шағым келіп түсті. Айтуларына, су тасып күн көріп жүргендеріне 2 жылға жуық уақыт өткен. «Үйімізде су ақса қатты қуанамыз» деген ықшамаудан тұрғындары мәселенің тезірек шешілуін сұрайды:

– Біз жұмысқа кеткенде балаларымыз қиналып қалады. Себебі, су ақпай қалса, құдықтан су тасып ішуге мәжбүрміз. Бұл жағдайдың орын алғанына біраз уақыт болды. Шыдамымыз таусылып барады, – дейді Айғаным есімді ықшамаудан тұрғыны.

Мәселе бойынша жауапты мекемеге хат жолдалды. Аталған аудандағы су құбырының құрылысы 2019-2020 жылы бастау алған. Алайда, мердігер компанияның салғырттығынан құрылыс толық аяқталмаған. Алатау ауданы әкімдігі ағымдағы жылдың соңына дейін су қысымының бірқалыпты жағдайға түсетініне уәде беріп отыр.

НАРАЗЫЛЫҚ

Алатау ауданы әкімдігі тұрғындарға «Зерделі» ықшамауданы Мөңке би көшесінің бойына саябақ салып береміз» деп уәде еткен. Алайда, саябақ құрылысы қолға алынбаған. Назира Беріктұрова есімді аудан тұрғынының айтуынша, аталған аймаққа көктем айында ағаштар отырғызылған. Бірақ саябақтың өзі тұрғызылмаған.

САЯБАҚ ҚАШАН САЛЫНАДЫ?

– Өзім «Зерделі» ықшамауданында тұрамын. Кешқұрым балаларымызбен саябақта серуендегіміз келеді. Аудандағы басқа саябақтар бізге тым алыс. Оған жету үшін көлік қажет. Сондықтан әкімдіктен ықшамауданға жақын жерден саябақ салып беруін сұрағанбыз. Олар уәде берді. Енді сол уәденің орындалуын күтіп жүрміз, – дейді аудан әкімдігіне наразы тұрғын.


Саябақты ұзақ күткен тұрғындардың өтінішін Алатау әкімінің орынбасары Ертіс Бесіровке жеткізген болатынбыз. Әкім орынбасарының айтуынша, 2021 жылы «2021-2022 ж.ж. халықтық қатысу бюджеті» бағдарламасы аясында 175 жоба келіп түсті, оның ішінде қала тұрғындарының дауыс беруімен 1,3 млрд теңге сомасына



26 жоба іске асыруға жіберілді. Солардың қатарында Зерделі» ықшамауданы Мөңке би көшесінің бойындағы саябақтың құрылысы да бар.

«Қазіргі таңда Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы бір саябақ пен екі жыра-сайды көріктендіру жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде. Жобаларда тротуар плиталарын төсеу, жаңа жарықтандыру, балалар алаңдарын, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату, пирстерді жайластыру жұмыстары қарастырылған. ҚМЖ өткізудің жоспарланған мерзімі 2023 жылдың соңына дейін», – деп жауап берді әкімдік.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР



«Ақшам» арқылы айтамыз» айдарының өткен сандарында Алатау ауданындағы жолдардың жөндеуден өтпегені, жер үйлерде кәріз желісінің орталықтандырылмағаны туралы мәселе көтерген едік. Аудан әкімдігі осы мәселелер бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлады.

ТҰРҒЫНДАР ҮШІН қолайлы жағдай жасалады

Айтуларына, жыл басынан бері «Ақбұлақ», «Қарасу», «Шапағат», «Шаңырақ-1, 2», «Ұлжан-1», «Самғау», «Көкқайнар», «Байбесік», «Дархан», «Әйгерім» ықшамаудандарында 69 көше бойынша арық желілерінің құрылысы жүргізілуде.

«Су басудың алдын алу мақсатында Жасыл экономика басқармасы тарапынан жыл басынан бері «Ақбұлақ», «Қарасу», «Өжет», «Шапағат», «Шаңырақ-1, 2», «Ұлжан-1», «Самғау», «Көкқайнар», «Байбесік», «Дархан», «Әйгерім» ықшамаудандарында жалпы ұзындығы 51 шақырым болатын 69 көше бойынша арық желілерінің құрылысын жүргізуде», – деп хабарлады басқарма.

Сонымен қатар, 53 аула аумағын абаттандыру жұмыстары толығымен аяқталды. Алматы қаласының сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында біздің тарапымыздан «Зерделі» ық-

шамауданы 63 үйінің қасбеттерін ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Жұмыстарды 2022 жылдың қараша айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында «Ұлжан», «Шаңырақ-2», «Нұркент», «Алғабас» ықшамаудандарының жасыл аймақтарында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда Алатау ауданындағы жолдардың ұзындығы 706 шақырымды құрайды, оның 583,6 шақырымы (82,6%) толығымен асфальт жабынымен қамтамасыз етілген.

«Биыл 47 көшені, оның ішінде жалпы ұзындығы 53,3 шақырым болатын 7 шағынауданды орташа жөндеумен қамту жоспарланған, қазіргі уақытта «Ақбұлақ», «Шаңырақ-1», «Көкқайнар» шағынаудандарында жұмыстар жүргізілуде», – деп хабарланды әкімдіктен.

30 көшеде ағымдағы (шұңқырлы) жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аталған бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда.

6 шағынауданда («Шапағат», «Қарасу», «Алғабас», «Әйгерім-1, 2», «Шаңырақ-1», «Боралдай») жалпы ұзындығы 207 шақырым (су – 116,6 шақырым, кәріз – 90,3 шақырым) инженерлік желілердің құрылысы жүргізіліп жатыр. Инженерлік желілердің құрылысы аяқталған көшелерде асфальт жабынын қалпына келтіру жұмыстары атқарылуда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Ақбұлақ», «Өжет» және «Самғау» ықшамаудандары бойынша салынған инженерлік желілерді пайдалануға беру жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы «Теректі» шағынауданында 44 шақырым сумен жабдықтау және 32 шақырым кәріз желілерінің құрылысы жоспарланған.

ТҰРҒЫН ТАЛАБЫ

ГИПНОЗ – ҰРЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

Дуа жасап, дүйім жұрттың қалтасын қағатындар көбейді. Бұл – редакциямызға хабарласқан Асима Бабажан есімді тұрғынның жанайқайы. Өзі осындай алаяқтардың құрбаны болған тұрғын гипноз жасап, ақшаны қолды ететін ұрлықшыларға заң шеңберінде жаза қолданылса екен деген талап қояды.

– Олар гипноз жасап, ұрлық істеуді тұрақты жұмыстарына айналдырып алған. Таңғы 10-нан кешкі 7-ге дейін көшеден бір сәтке ұзамайды. Көпшіліктің көзінше ақша мен телефон ұрлау оларға оп-оңай. Себебі, гипнозға түскен адам заттарын өздері қарсылықсыз қалай беріп қойғанын білмей қалады. Олардың үстінен арыз жазайын десең де бейнебақылауда өзімнің беріп жатқаным түсіп қалған. Оның гипноз екенін ешкімге дәлелдей алмайсың, – дейді аудан тұрғыны.



Тұрғынның айтуымен «жолыңды ашып, болашағыңды болжап берем» дейтін дуашылардың қаладағы мекеніне арнайылап барып қайттық. Райымбек пен Мәметова көшесінің бойында толып отыратын алаяқтар көшедегі орындыққа жайғасқан жаяу жүргіншілердің жанына отырып, әңгімеге тартады екен. Алдымен жол сұрайды, кейін телефонының қуаты бітіп, көмектесуін өтінеді. Кейін ақшасы мен телефонын қолды қылады екен.

Абай болмасаңыз арбауына түсу қиын емес. Медеу ауданы әкімдігі аталған мәселенің шешімін табады деген сенімдеміз.

Бетті дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.



30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: тың өзгерістер көп



Конституциямыздың ұлағатты ұстанымдары экономикалық дағдарыстарды батыл еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басуымызға жол ашады. Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін мызғымас құндылықтарға сүйене отырып, әділ мемлекет құрамыз. Басты мақсатымыз – халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, қалалық Мәслихат депутаты Алтынай КӨБЕЕВА мәслихаттардың жергілікті өкілетті билік органдары ретінде мемлекет пен қоғам коммуникацияларының жаңа құрылымының маңызды элементі екендігін атап өтті.

«Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстанның жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне біртіндеп көшуі туралы мәлімдеді. Мәслихаттар да осы жүйенің негізгі буыны болады. Мемлекет басшысының пікірінше, тұрғындар бұрыннан өз қалалары, аудандары, ауылдары үшін жауап-

Мәслихаттың рөлі күшейді



кершілік алуы керек. Адамға сенім білдіріп, қолына билік беруден қорықпау қажет», – деді А.Көбеева сөзінің басында.

Депутат Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің бекітілген жаңа құрамы туралы да

айтып өтті. Оның айтуынша, жаңа құрамда білім беру саласы өкілдерінің үлесі артқан, сондай-ақ, құрылымға көпбалалы аналар да кіреді.

«Мамыр айында Қоғамдық кеңестің үшінші құрамы құрылды. Оған 39 адам кірді. Егер пайыздық арақатынаста ҰЕҰ мен БАҚ үлесі 51%-ды құраса, мемлекеттік органдар үш адамды құрайды – бұл 7%. Бүгінде қоғамдық бақылаудың төрт нысаны бекітілген. Бұл қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдаулар, нормативтік-құқықтық құжаттарды сараптау және мемлекеттік органдардың есептерін тыңдау», – делі спикер.

Қазірдің өзінде Қоғамдық кеңестің, төралқаның, комиссиялардың 14 отырысы өткізіліп, онда 62 мәселе қаралған. Нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша 17 қоғамдық мониторинг және 10 сараптама жүргізілген. Кеңеске Алматы қаласының тұрғындарынан бас-аяғы 120-дан астам өтініш келіп түскен. Халық қалаулылары барлық өтінішті жіті бақылауды назарға алған.

Бірінші кезекте – халық мүддесі

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті онлайн-брифингке қалалық Мәслихат депутаты Төлеуғали ТАЙТӨЛЕЕВ шығып, мәслихаттардың қоғамдағы рөлі, қызметі туралы айта келіп, БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

– Төлеуғали Мұхамеджанұлы, өзіңізге белгілі, Президент мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттары функцияларының аражігін тиімді ажырату қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты қала мәслихатының жұмысында қандай тың өзгерістер болады?

– Иә, қазіргі таңда мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін заңнамаларға түзетулер енгізілді. Осылайша Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ Мемлекет басшысының аймақ басшыларын мәслихаттардың келісімінсіз орнынан босату құқығы сақталды. Өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі парламенттік мәдениеті жоғары және ықпалды халық қалаулылары бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған. Бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған Конституциялық реформа шеңберінде жергілікті өкілді органдардың жұмысы бірқатар бағыттар бойынша жетілдіріледі.

Атап айтсақ, мәслихаттардың дербестігі мен халық мүддесі жолындағы жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында мәслихат төрағасы лауазымы енгізілетін болады. Сондай-ақ, «Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі



басқару туралы» жеке заң әзірленуде (мемлекеттік басқару және жергілікті басқару бойынша екі заң қабылданбақ). Осы ретте процестерді бюрократиядан арылту және мемлекеттік органдар мен мәслихаттардың тиімділігін арттыру көзделген.

Өздеріңізге мәлім, мәслихат депутаттарының 50 пайызы тұрғындардың тікелей дауыс беруімен сайланатын болады. Бұл халық қалаулыларының жауапкершілігін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Аталмыш өзгерістер Конституциялық реформалар аясында іске асады. Сондай-ақ, облыс әкімдері партия төрағасы болып тағайындалмайды, бұл саяси партиялардың бәсекесін өзара күшейтеді.

– Ал мәслихаттарға қандай өкілеттіктер беріледі? Оларға берілетін жаңа мүмкіндіктер туралы айтып берсеңіз.

– Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, биылғы қыркүйек айынан енгізілген толықтырулар заңды күшіне енеді.

Аталған Заңда мәслихатқа бұрын болмаған өкілеттіктер берілді. Мысалы, бірінші – Алматы қаласының дизайн-кодын бекіту; екінші – Жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия құру, оның құрамын және ол туралы ережені бекі-

ту; үшінші – Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту; төртінші – меншік иелерінің келісімі болған кезде азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебайқау мониторингін жүргізу қағидаларын, қоғамдық тәртіпті қорғау және ақпараттандыру салаларындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітуге құқылы.

– Алматы қалалық Мәслихаты алдағы уақытта қандай бағыттарға баса назар аударатын болады?

– Бүгінгі күні Алматыны 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы қазір әзірленуде, ол халықтық талқылауға ұсынылған болатын. Бүкіл өзекті ұсыныстар ескеріліп, қамтылғаннан кейін бұл бағдарламаны депутаттар қарастырып, пысықтайтын болады. Бағдарламаны қабылдағаннан кейін оны жан-жақты іске асыруға ден қоятын боламыз. Сонымен қатар, қоғамдағы және қала дамуындағы өзекті мәселелер бойынша депутаттық бастамалар көтеріп, тиісті ережелер мен шешімдер қабылданады. Бюджеттің ойластырылған және терең сарапталған негізде қалыптастырылуы көзделген.

Биыл ел көлемінде алғаш рет Алматы қаласында бюджет жобасы әкімдіктің бюджеттік комиссиясынан бұрын Мәслихаттың салалық комиссияларының қарауынан өтеді. Тұрғындардың аса шұғыл және өзекті проблемаларын шешуге ден қойылады. Ірі инфрақұрылымдық және өзге де ауқымды проблемалар бойынша Мәслихат комиссияларының көшпелі жиындары өткізіледі. Медиакөңістікте, интернетте және әлеуметтік желілердегі жұмыстың қарқынын күшейтіп, Мәслихаттың қоғамдық қабылдауында азаматтарды қабылдау көлемін ұлғайтуға басымдық беріледі. Депутаттар жұмысының тиімділігін арттыруға ұдайы көңіл бөлінеді. Жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасы заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, соған сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылдаймыз, оның үстінен «Алматы қаласының 2023–2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» Алматы қаласының мәслихаты шешімінің жобасын қарап, сессияда бекіту қажет.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Әзімбай Ғ.А.Л.И.,
саясаттанушы:

КОНСТИТУЦИЯ – ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК

Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған: супер-президенттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу, бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу, Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру, елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту, азаматтардың құқығын қорғау тәсілдерін жетілдіру.

Жалпы, Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара. Біздің саяси басшылық маңызды мәселені қолға алды. Ең алдымен, егер де демократиялық үрдісті іс жүзінде жүргізбесе экономика алға жылжымайды. Соған біздің басшылықтың көзі жетті. Дәл осындай жағдайды жасауға көптеген мемлекет басшылары қадам баса қойған жоқ. Мысалы, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан және т.б. Сондықтан нарыққа жол ашатын, меншікке кепілдік беретін Конституция және Ата Заңдағы өзгерістер ел экономикасына, халыққа белгілі бір кепілдік береді. Атап айтқанда, меншік кепілдігі, жеке бас кепілдігі. Бұл – өте маңызды жауапкершілік. Ал біздің Конституциямыздағы өзгерістер бұл – үлкен жетістік.

Әділғазы
ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын,
Халықаралық
«Алаш» әдеби
сыйлығының
лауреаты:



АТА ЗАҢ – ХАЛЫҚ БАҒДАРШАМЫ

Біз, қазақ елі – ежелден-ақ заңды құрметтейміз елміз. Ата-бабамыздың салт-дәстүрлері бұл біз үшін бұлжымайтын заң болған. Ал енді тәуелсіз Қазақстан болып, өзіміздің Ата Заңымызды қабылдап, сонымен өмір сүре бастаған жылдарда өзіміздің Конституциямыз арқылы жеке мемлекет екенімізді сезіне бастадық. Кейіннен Ата Заңымызда өзгерістер пайда болды. Оған қосымша түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Ол түзетулер соңғы референдум арқылы жүзеге асты.

Ата Заңға енгізілген түзетулердің алдында біраз қиындықтар туындаған болатын. Енді, міне, соңғы референдумнан кейін біздің Ата Заңымыз жаңа мазмұн алды, жаңа тыныс ашты. Халықтың өзінің қолдауымен, бүкіл халықтың дауыс беруімен бекітілген Ата Заң бізге алдағы уақытқа бағдаршам болып, қоғамда әр уақытта өз құқығымызды қорғап, бағдарымызды бұлжытпай ұстауымызға, ұстануымызға себебін тигізіп тұрады деп ойлаймын.

Айжан БҮРКІТБАЕВА.



БЮДЖЕТ

ҚАЗЫНА ҚАРАЖАТЫ

тиімді пайдаланылса, қаладағы бюджет қызметкерлерінің жағдайы жаман болмайды деген үміт бар



Алматы Орта Азия аймағындағы ең ірі мегаполис, әрі қауқарлы қаржы орталығы саналады. Демек, мегаполистің бюджеті де соған сай болуға тиіс.

Шаһарда нәпақасын салық түсімдерінен алып отырған мұғалімдер мен дәрігерлерден басқа бюджет қызметкерлері де көп.

Бүкіл әлемде де, елімізде де қымбатшылық деңгейі күн санап көтерілуде. Соңғы деректер бойынша елде азық-түлік 20 пайызға жуық қымбаттаған. Сарапшылар етек-тен тартқан инфляция зардабын басудың бірден-бір жолы – жалақы мен зейнетақыны, жәрдемақыны өсіру дегенді алға тартады. Ал ол үшін ондай өсімдерге қалалық бюджеттің мүмкіндігі сәйкесуі керек.

Таяуда өткен жиында қалалық қаржы басқармасының бастығы Алмас Батанов VII шақырылған XXII мәслихат сессиясында 2022 жылғы қала бюджетінің мөлшері 1 трлн 253,5 млрд теңге болды дегенді ресми түрде мәлімдеді. Әлбетте, бұл – қомақты қаржы. Демек, қаладағы бюджет қызметкерлерінің жағдайы жаман болмайды деген үміт бар.

Жалпы, бюджеттің нақтылануы кіріс бөлімінің

асыра орындалуы есебінен белгіленеді. Демек, мегаполисте кіріс бар деген сөз. Оның қазіргі мөлшері – 64,3 млрд теңге.

Бюджетті нақтыларда өткен жылдың еркін қалдықтарын пайдалану да ескеріледі. Қазіргі есеп бойынша оның мөлшері – 15,1 млрд теңге.

Мәслихат депутаттары бюджеттің игерілу мөлшерін де нақтылаған. Оған сәйкес үстіміздегі жылы әлеуметтік салаға бюджет шығынының 36,7 пайызы, яғни 32,4 млрд теңге бағытталмақ. Оның 14,3 млрд-ы – білім, 2,3 млрд-ы – тұрғындарды әлеуметтік қорғауға, 9,3 млрд-ы – мәдениет, спорт, туризм саласына жұмсалмақ.

Бір жағынан бұл қала басшылығының қаланы әлеуметтік-рухани тұрғыдан дамытуға деген игі ниетін білдіреді.

Сондай-ақ, 2 млн-нан астам адам тұратын ірі мегаполис үшін қала экологиясының маңызы да жоғары. Биыл қаланы көгалдандыру мен жайғастыруға 5,1 млрд, қалалық транспорт инфрақұрылымына 13,6 млрд теңге көлемінде қаржы белгіленіп отыр.

Қазіргі инфляция көлемі құбылып тұрған заманда бюджетті қайта қарау шаралары міндетті болып саналады. Алматы қаласының бюджеті қаңтар оқиғасынан соң, үстіміздегі наурыз айында бүлінген қаланы қайта қалпына келтіру шараларына байланысты қайта қаралған болатын.

Алайда, содан бері елдегі, жалпы Еуразиялық одақтағы қаржылық-экономикалық жағдай айтарлықтай өзгерді. Сондықтан XXII мәслихат сессиясында бюджеттің қайта қаралуы заңды әрі міндетті болатын.

Айта кетуге тиістіміз, үстіміздегі жылдың бюджеті 2021 жылдың желтоқсан айынан бері бес мәрте қайта қаралды. Оның себебі де белгілі.

Мәслихаттың соңғы шешіміне сәйкес бұл жолы Алматы қаласының бюджеті 48,9 млрд теңгеге қайта қарастырылды.

Өмірзақ МҰҚАЙ,
«Almaty aqshamy» газетінің экономикалық сарапшысы.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Алматы қалалық Еңбек инспекциясының ұйымдастыруымен 23 тамыз күні еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының, кәсіподақтар мен сақтандыру компаниялары өкілдерінің қатысуымен семинар-жиналыс өтті. Сондай-ақ, семинарға 20-дан астам жеке кәсіпкерлік субъектісі мен мемлекеттік сектор субъектілері де қатысты. Бұл жиынға негізінен жұмысшылар жұмыс орнында оқыс оқиғаға ұшырап, өндірістік жарақат алған компаниялардың өкілдері шақырылған.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Семинар барысында қазіргі кезде жұмысшылардың қаншалықты өндірістік жарақат алатыны, жазатайым жағдайлардың негізгі себептері және оның алдын алу жөніндегі шаралар, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды оқыту қағидалары, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық, мүгедектікті белгілеу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде төленетін өтемақы тәртібі секілді өзекті мәселелер қаралды. Мұндай семинарлардың негізгі мақсаты – еңбек заңнамасын бұзудың алдын алу, қызметкерлердің еңбек құқығының сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Жиын барысында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының «Оңтүстік» филиалы директорының міндетін атқарушы Владлена Шевцова жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарымен бөлісті.

Кездесуде қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды оқыту ережелері айтылды. Ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін жалпы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқыту ұзақтығы 72 сағатты, арнайы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқыту ұзақтығы 40 сағатты құрайды. Орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – тиісінше 40 және 24 сағат, ал шағын кәсіпкерлік және микрокәсіпкерлік субъектілері үшін – 24 және 16 сағат. Оқытуды мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының мамандары, бейінді оқу орындарының оқытушылары және басқа да сарапшылар жүргізеді. Оқыту курстарын оқу орталықта-

«САҚТАНСАН, САҚТАЙДЫ...»

Алматыда жазатайым өндірістік жарақаттан сақтану мәселелері талқыланды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ

ры әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссия ұсынатын бағдарлама негізінде әзірлейді.

Заңнама туралы айта келе, сарапшылар әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің бар екенін еске салды. Еңбек кодексінен ескермегені үшін және еңбек шартын жасаспай жұмысқа жіберу, жалақыны уақытында төлемеу, қатарынан екі жыл бойы еңбек демалысын бермеу, жұмыс уақытын заңсыз асыру, еңбек саласындағы кемсітушілікке жол беру, зейнетақы төлемдерін бұзу, міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыруды төлемеу секілді әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін кәсіпкерлердің категориясына байланысты шамамен 20-120 АЕК аралығында айыппұл салынады.

Өндірістік жарақатты алдын алуға жасалған қадамдар

Өндірістік жарақаттану мәселелерін әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық ұшжақты комиссия қарайды. Жыл басынан бері қалалық ұшжақты комиссияның 7 отырысы өткізіліп, онда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері қаралды. Әлеуметтік әріптестер Алматы қаласында 2021–2023 жылдарға арналған қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бойынша «Қауіпсіз еңбек» бағдарламасын бекітті. 2021 жылы «Алматы қаласының Кәсіподақ орталығы» Аумақтық кәсіподақтар бірлестігімен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Еркінбек ӘМІРҒАЛИЕВ,
Алматы қаласы Еңбек инспекциясы басқармасының басшысы:

Жұмыс беруші мен жұмысшы үшін де оңай емес

Кез келген өндіріс орнында, зауыт, фабрикаларда, құрылыс нысандарында, әуежай мен теміржолда да қарапайым жұмысшылар жазатайым жағдайға тап болып, жарақат алып қалуы әбден мүмкін. Тіпті, кеңседе отырып жұмыс істейтін адамдар да дәліздегі баспалдақтан тайып құлап, аяқ-қолын жарақаттап алуы ықтимал. Қысқасы, бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Жұмыс барысында адамның жарақаттанып қалуы жұмыс беруші үшін де, жұмысшы үшін де оңай емес. Мұндай жағдайда екі тарап та заң аясында әрекет еткені жөн. Сондықтан кәсіпорын басшыларына жұмысшылар мен жұмыс берушінің құқықтары, міндеттері жайлы мәліметтер беріп отырмыз. Олардың өндірістік жарақатты алдын алуға және өндірістік жарақат алған жағдайда қалай дұрыс әрекет етуге қатысты сұрақтарына жауап беруге тырысамыз.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматы қаласы Еңбек инспекциясы келтірген деректерге сәйкес, 2022 жылдың 7 айында Алматыда өндірісте 49 жазатайым жағдай тіркелген (2021 жылғы көрсеткіш – 46). Өндірістік жарақат алған жұмысшылардың саны – 60 (2021 жылы 47 болған), Биыл 6 жұмысшы өндірістік жарақатының салдарынан қайтыс болған (өткен жылы 3 адам), 20 адам ауыр жарақат алды (2021 жылы ауыр жарақат алғандар – 18), 34 адам жеңіл жарақаттанған (өткен жылғы көрсеткіш – 26). Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, өндірісте жазатайым жағдайға ұшырағандар саны 28,2 пайызға көбейіп отыр. Ал өндірісте алған жарақатының салдарынан қайтыс болған адамдар саны екі есеге өскен.

2019 жылғы 17 маусымда Женевада ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығымен «Vision Zero» тұжырымдамасын ілгерілету туралы Меморандум жасасқан еді. «Vision Zero» – бұл үш бағытты өндірістің барлық деңгейлеріндегі қауіпсіздік, еңбек гигиенасы және қызметкерлердің әл-ауқатын біріктіретін профилактиканы ұйымдастыруға бағытталған сапалы жаңа көзқарас. Осылайша кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 1778 өндірістік кеңес құрылды, оның құрамына жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің өкілдері кіреді.

«Қазақстан Республикасында 2025 жылға дейінгі қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын» орындау үшін кәсіпорындарда тапсырыс берушіден мердігерге дейін шарттық қатынастар шеңберінде жұмыс істеуін бақылау маңызды болып отыр. Өзірге Алматыда жұмысшылардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз ететін кәсіпорындар аздау. Сондықтан еңбек адамдарының қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне әлі де бақылауды күшейту қажет.



БІЛІМ

Тура бір аптадан кейін жаңа оқу жылы басталады. Бүгінде еліміздің барша мұғалімдері мен ата-аналар да, балалар да кезекті оқу жылына қызу дайындық үстінде. Ұстаздар қауымы жұмыстарын жүйелеп, жоспарларын пысықтап жатса, ата-аналар базарлар мен дүкендерді аралап, балаларының киім-кешегін түгендеуде. Ал балалар жаңа киімдерін киіп, достарымен кездесетін күнді күтіп жүр. Жаңа оқу жылының қызығы сол, тың жаңалықтардың енгізілуі. Биылғы оқу жылында жақсы жаңалықтар жетерлік.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

Министрліктің мақсаты – ата-ананы мектепке жақындату



Айнұр
СЕНБАЕВА

Биылғы 2022-2023 жылғы оқу жылындағы басты жаңалықтардың бірі – мұғалімдердің жүктемесінің азайтылды. Ұстаздар оқушыларға білім беруден басқа артық жұмыстардан босатылды, бұл дегеніміз – оқушыларға сапалы білім беріледі деген сөз. Балалар да бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік алды. Бұдан басқа да жаңа оқу жылында тың өзгерістер көп. Алдағы оқу жылында мектептердің 5 күндік оқу аптасына ауысуы да оқушылар мен мұғалімдерді қуанытты қойды. Орта білім саласындағы оңды өзгерістерге қатысты алматылық мұғалімдер өз пікірін білдірді.

Эльмира ӨСІБАЕВА, Наурызбай ауданы, №200 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі:

ҮШ ТІЛ БАЛАЛАР ҮШІН АУЫР

Өзім бастауыш сыныптардың мұғалімі болғандықтан биылғы оқу жылынан бастап орыс, ағылшын тілдерінің 1-сыныптан бастап оқытылмайтынына қуанып отырмын. Өйткені, мектеп табалдырығын жаңа аттаған балалардың ең алдымен әріптерді танып, ана тілдерінде еркін оқуды үйренгені дұрыс. Онсыз да қазіргі балалар ғаламтордан шетелдік мультфильмдер көреді, көшеде орысша шүлдірлейді, үйде қазақша сөйлейді дегендей.

Өзім әу бастан «бала білімді алдымен ана тілінде алу керек» деген қағиданы қолдайтындардың қатарынанмын. Осы мәселені ескеріп, Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің орыс тілін екінші сыныптан, ағылшын тілін тек 3-сыныптан енгізу туралы қабылдаған шешімін қолдаймын. Ал «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» пәндерінің 1-сыныптан оқытылғаны дұрыс. Өйткені, бұл пәндер баланың ұсақ моторикасын дамытуға үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ, балаларға факультатив есебінен шахмат үйірмесіне баруға мүмкіндік берілгені де қуанарлық жаңалық. Алдағы оқу жылымызды жақсы көңіл күймен бастамақпыз.



Гаухар КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ, Жетісу ауданы, №118 мектептің мұғалімі:

МҰҒАЛІМНІҢ ДЕ БАЛА-ШАҒАСЫ БАР

Соңғы жылдары Білім беру саласында қордаланып қалған мәселелер ештеңе шешіле бастады, сең қозғалды. Алдымен мұғалімдердің материалдық жағдайына мән берілді, енді жайлап мәртебесінің биіктеуіне де әрекеттер жасала бастады. Биылғы оқу жылында мұғалімдердің бала оқытудан басқа қағаз толтыру, үй аралау секілді жұмыстардан босатылғанына шын қуанып отырмыз. Өйткені, мұғалімдердің сыныптағы 30 баласынан басқа өз бала-шағасы, отбасы бар. Меніңше, әр мұғалім өз міндетін дұрыс атқару керек. Ұстаздық та шығармашылық шабытты талап етеді. Сондай-ақ, кейбір пәндердің оқытылу тәртібіне, балалардың білімін бағалауға енгізілген өзгерістер де құптарлық іс болды.

Айталық, Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы секілді пәндерден емтихандардың тек жазбаша емес, ауызша алынуы өте дұрыс деп есептеймін. «Алтын белгі» үміткерлеріне қойылатын талаптардың күшейтілуі де дұрыс. Өйткені, жүзден жүйрік шыққан бала өзінің 11 жыл бойы алған білімін әділетті түрде ақтап шығуы керек. Жалпы, білім саласында өркениетті елдердің тәжірибесін қолданып қана қоймай, өзіміз үшін пайдалы жүйені қалыптастыруымыз қажет деп ойлаймын.

Диана ЕДІЛОВА, Алмалы ауданының тұрғыны:

БАЛАМЫЗДЫҢ БІЛІМДІ БОЛҒАНЫНА МҰДДЕЛІМІЗ

Кез келген ата-ана баласының қатарынан қалмай білім алғанын қалайды ғой. Қазір бәріміз баламыздың киім-кешегін, оқу құралын түгендеп шауып жүрміз. Қымбатшылық қысып тұрса да, әр ата-ана баласын шамашарқынша мектепке даярлайды. Менің айтқым келетіні, еліміздегі білім саласының сапасы әлі де жақсара түссе екен.

Өз басым баламды ауыл мектебінде де, қала мектебінде де оқытып көрдім. Бірақ әлі де кейбір мұғалімдердің өзін-өзі ұстауына, біліміне көңілім толмайды. Кейбір мұғалімдердің қаттарға жазғанынан-ақ сауатсыздықтары байқалып тұрады. Сондықтан болашақта педагогика мамандығына қабылданатын түлектерге деген талап күшейтілсе екен. Мүмкін түлектердің мұғалім болуға қарым-қабілетін анықтау үшін шығармашылық сынақтар немесе жүзбе-жүз әңгімелесу, психологиялық тесттер ұйымдастыру керек шығар. Егер мұғалімдер сауатты болса, ата-ана сонша қаржы шығындап балаларын қосымшаларға сүйрмес еді ғой. Мектептен тиісті білім ала алмағандықтан да ақша төлеп, қосымша оқытуға мәжбүрміз. Қазір қалалық жердегі мектептерде бала саны көп, жақсы маман жетіспейді, оны білеміз. Дегенмен, балалардың тегін, сапалы білім алуына бәріміз мүдделі болуымыз керек деп есептеймін.



БІЛІМ



АЛМАТЫ

ЖАҚСЫЛЫҚТА ШЕКАРА ЖОҚ

Білім саласының «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен басталған республикалық акция біздің мегаполисте де жалғасуда. Биыл Алматы қаласының мұқтаж отбасыларынан шыққан 19 мың оқушыға көмек көрсету үшін әкімдік мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға көмек көрсетеді. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 800 млн теңге қарастырылған.

Балаларға мектепке дайындалуға көмек көрсеткісі келетіндер тұрғылықты жері бойынша білім беру бөліміне немесе тікелей білім беру ұйымына хабарласа алады.

Сондай-ақ, 1 қыркүйектен бастап жалпы білім беретін мектептердің 1–4-сынып оқушыларының барлығын тегін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша дайындық жүргізілуде.

ҚАЗАҚСТАН

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ФОРМАТЫ ӨЗГЕРЕДІ

Елордада өткен Тамыз конференциясында Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мұғалім-оқушы-ата-ана үштігінің байланысын арттыру бағытында қолға алынатын жұмыстар туралы айтты.

«Биылғы оқу жылынан бастап мектепте өтетін ата-аналар жиналысының форматын өзгертіп жатырмыз. Егер ата-ана алдына келгенде, мұғалім әр баланың қай пәнді ұнататыны, бірақ оны меңгеруде қандай проблемаға тап келіп жатқаны туралы мәлімет беріп отырса, ол ата-анаға өте маңызды ақпарат болар еді. Тек бағаны айтып шыққаннан бұл әлдеқайда тиімді. Жаңа оқу жылында осындай жұмысты қолға аламыз. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы зерттеу жүргізді. Сол кезде оқушылардың 60 пайызының ата-анасы мектепте не үйретіп жатқанына мән бермейтіні белгілі болды», – деді ведомство басшысы. Министрліктің мақсаты – ата-ананы мектепке жақындату.

ҚЫТАЙ

ОҚУШЫЛАР КҮНДЕ ТЕСТ ТАПСЫРАДЫ

Күншығыс елінің көп ауданында биыл мектептегі оқу дәстүрлі форматта өтеді. Бірақ ковидке қатысты сақтық іс-шаралары қатаң сақталмақ. Мәселен, Бейжіңде оқу жылы алдында балаларға екі апта басқа елдімекенге шығуға болмайды. Ата-аналарға да талаптар қойылмақ. Ал билік ереженің бұзылмауын арнайы бағдарламаның көмегімен, яғни телефон нөмірі арқылы тұрғындардың кейінгі 2 аптада қайда болғанын біліп отырады. Ал Шанхайда оқушылар мен балабақша тәрбиеленушілері күнделікті ПТР-тест тапсыруға міндетті.

АҚШ

ТЕГІН ТАМАҚТАНУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Биыл мұғалім тапшылығы АҚШ-та да байқалып отырған көрінеді. Сондықтан Техастағы бірнеше ауылдық өңір төрткүндік оқуға көшпек. Ал Калифорния биыл барлық оқушы үшін тегін тамақ бағдарламасы енгізген алғашқы штатқа айналды. Бұған дейін ол отбасының табысына қарай есептеледі. Мәселен, былтыр тегін тамақ алу мүмкіндігіне ие болу үшін 4 адамнан тұратын отбасының жылдық табысы 34 мың доллардан аспауы керек болатын. Алайда, Калифорния өмір сүру деңгейі қымбат өңірлердің қатарына жатады. Мұнда жылына 50 мың доллар табатын отбасының өзіне күн көру оңай емес. Жергілікті биліктің бәріне бірдей тегін тамақтану жүйесін енгізуінің бір себебі осы.

УКРАИНА

«ОТАНДЫ ҚОРҒАУ» ПӘНІ БАР

Бұл мемлекетте қарулы қақтығыстан мектептер мен балабақшалардың 25 пайызы бүлінген екен. Алайда, соған қарамастан биыл оқу дәстүрлі форматта да, онлайн да ұйымдастырылады.

Украинада білім беру мекемелерінің 40 пайызы жаңа оқу жылына дайын деп отыр жергілікті мамандар. Биыл 400 мыңға жуық оқушы мектепке баруы тиіс. Оқуды дәстүрлі форматта өткізу үшін білім беру мекемесінде сапалы жертеле болу керек. Егер ондай мүмкіндік болмаса, сабақ онлайн форматта ұйымдастырылады. Жертөледен бөлек мектепте автономды желдеткіш, екі есік, су және дәрі-дәрмек болуға міндетті. Мұның бәрін арнайы комиссия тексереді. Сондай-ақ, биыл оқу бағдарламасына да өзгеріс енгізілді. Мәселен, «Отанды қорғау» пәнінде жоғары сынып оқушылары жарылғыш заттарды қалай залалсыздандыру керек екенін үйренеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

Жастар қаласы болып саналатын Алматыға енді өңірлерден студенттер ағылып келе бастайды. Себебі, санаулы күндерден соң жаңа оқу жылы басталады. Ал баспана мәселесі елімізде әлі де өзекті. Сондықтан пәтер жалдаушылар саны да артатыны заңды.

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті онлайн-брифингте Қазақстан риелторлар қауымдастығының мамандары жылжымайтын мүлік нарығында алаяқтардың құрбаны болып қалмау туралы мәселелерді тарқатты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Құжаттарға мұқият болу керек

Спикер – Қазақстан біріккен риелторлар қауымдастығы президентінің кеңесшісі Нина ЛУКЬЯНЕНКО сайттарды бақылағанда, ең алдымен, орналастырылған хабарландыруларға мұқият қарау керектігін атап өтті.

«Егер көз алдыңыздағы фотосуреттер сізге тартымды болып көрінсе және бағасы көңіліңізге одан да қонымды болса, онда іштарту керек. Алаяқтардың көпшілігі жарнамасында сізді бірден баурап алу үшін әдемі фотосуреттер жариялап, төмен баға ұсынады. Екінші кеңесіміз, әрине, жылжымайтын мүлікті көзбен көрмей ешкімге ақша аударуға болмайды», – деді ол.

Баспананы жалға алғанға дейін жылжымайтын мүлікті, содан кейін тұрғын үйге құқық беретін құжаттарды тексеріп, үй иесінің жеке куәлігін де көру керек. Сонымен қатар, жазбаша келісім жасап, оны сақтап қою қажет.

Спикер хабарландыру берушілердің өздерін риелтор ретінде жиі көрсететінін де атап өтті.

«Алдымен риелторлық қызметке не кіретінін түсіну маңызды. Біріншіден, риелтордың алаяқтардан, алаяқ-риелторлардан және ақпараттық қызмет көрсететін компаниялардан айырмашылығы, ол ең алдымен баспананы оны жалға алғысы келетін адамға көрсетеді. Риелтор меншік иесі мен болашақ жалға алушы арасында келісім-шарт жасау қызметін ұсынуы керек», – деді Н.Лукьяненко.

Келісім-шарт тараптардың қалауы бойынша жасалады және екеуара мәміленің жазбаша нұсқасын сақтау маңызды. Келісім-шартта меншік иесі мен жалға алушының міндеттері нақты көрсетіледі: транзакцияның сомасы, жалдау ақысы, ай сайынғы немесе тоқсан сайынғы төлем бе, ақша аудару арқылы немесе қолма-қол ма, қай күннен

кешіктірілмей төленуге тиіс және шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда не болады, міне, осы мәселелер көрініс табуы қажет. Жалдау ақысына не кіретінін және коммуналдық төлемдерді кім төлейтіні де нақтыланады.

Қазақстан біріккен риелторлар қауымдастығы президентінің кеңесшісі Нина Лукьяненко жалға алу ақысының мөлшері қалай өзгеретінін де ескеру қажеттігін тілге тиек етті. Пәтер иесінің ай сайынғы жалдау ақысын көтеруіне жол бермеу үшін жалдау шартында осы мәселені басында-ақ шешіп алған абзал.

Жалға берушілер студенттерден неге қашады?

Спикер үй иелерінің әдетте пәтерін студенттерге жалға бергісі келе бермейтінін растады. «Бұл – факт. Меншік иелері үшін жалға беру – табыс көзі болғандықтан, олар төлем қабілеті жоғары адамдарға мән береді. Ал студенттердің материалдық жағдайы бәрімізге белгілі. Оның үстіне, студенттердің белгіленген келісім-шарттарға салғырт қарауы жиі кездеседі. Олар басында екі адам тұрады деп уәде береді де, кейін алты адам қоныстанып алып, түрлі сауық кеңістігін ұйымдастырады», – дейді Н.Лукьяненко.

Мұндай жағдайда студенттер үй иесімен бірге тұруға болатын баспана табуына болады. Әдетте, ондай хабарландыруды қарт адамдар беріп жатады. Бұл тектес хабарландырулар көбіне көпқабатты үйлердің кіреберістеріне ілінеді.

Нина Лукьяненко қауымдастыққа баспананы жалға алушылардың арасында алдандандары да жиі хабарласатынын атап өтті. Мұндай жағдайда мамандар екі тарап жасасқан қызмет көрсету шарттарымен танысып, адвокаттарға жібереді.

«Өкінішке орай, көп жағдайда компанияның қызмет көрсету шартымен таныспаған адамдар жүгінеді. Қазір өте кең таралған схема, мысалы, ақпараттық қызметтерді көрсету туралы шарты



жасалғанда, компания баспананы жалға берушілердің телефон нөмірін көрсетеді. Ал жалға алушы бұл телефон нөмірлері үшін ақы төлейді, бірақ тұтқаны ешкім көтермеуі, яғни нөмірлерге ешкім жасауап бермеуі мүмкін немесе ондай нөмір мүлдем жоқ болып шығады. Тіпті, арғы жақтан тұтқаны көтерген жағдайда, ол пәтерді ешкім ешқашан жалға беруге қоймаған болып шығады. Бұл ретте ұсынылған қызмет үшін төлеген ақшасын қайтаруға өтініш берген кезде олар кенеттен келісім-шарттан компанияның көрсетілген телефон нөмірлеріне жасауап бермейтінін біледі. Сондықтан жылжымайтын мүлік қоғамдастығына қызмет алу үшін жүзінген кезде, ең алдымен, келісім-шарт бойынша қандай қызметтер көрсетілетінін оқып шығу маңызды», – деп түсіндірді Н.Лукьяненко. Ал оның айтуынша, кәсіби риелторлар жылжымайтын мүлікті жалға аламын деушілерді апарып көрсетеді, бірақ ешқашан телефон нөмірлерін ақыға сатпайды.

Бостандық, Алмалы, Медеу аудандарынан пәтер жалдағысы келетіндер көп

Осы брифингте БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берген Қазақстан біріккен риелторлар қауымдастығының мүшесі Орынбасар САТАЕВ та біраз жайды тарқатты. Соның ішінде кепілдік төлем, яғни депозит туралы атап өтті. Егер кепілдік төлем болса, оны қалай қайтаруға және қандай жағдайда пайдалануға болады? Спикердің сөзінше, жалға алушылар алдымен мынаны түсінуі керек: алдын ала төлем басқа, депозит – басқа төлем.

«Әрине, жазбаша келісім-шарттың болуы екі тарапты да қорғайды. Келісім-шарттың паритеттік болуын қамтамасыз етуге, оның әрбір тарап үшін тең құқықтар мен міндеттерге ие болуына ұмтылу қажет. Кепілдік төлем (депозит) екі жақтың келісіміне байланысты жасалады. Көбіне оның сомасы жалға берілетін пәтердің бір айлық ақысы мөлшерінде болады. Сонымен қатар, пәтердің тұрған жеріне, ішіндегі жиһазға тікелей байланысты. Менің ойымша, кепілдік төлем болуы керек. Мысалы, жалға алушы коммуналдық шығынды төлемесе, қымбат жиһазды бүлдірсе, пәтер иесі сол сомадан ұстап қалуға құқылы. Егер жалға алушымен келісім-шарт тоқтатылса және бәрі дұрыс болса, меншік иесі депозитті қайтаруға міндетті», – деді ол.

Спикердің айтуынша, бұл орайда пәтерді жалға алушылардың басым бөлігі алдын ала төлем жасайды. Өздеріне ұнаған баспанада ұзақ уақыт тұрақтап қалу үшін алты немесе бір жылға дейін төлеп тастайды. Бұл да келісім-шартта көрсетіледі.

Сондай-ақ, ол Алматыда жалға берілетін пәтерге сұраныс жоғары екендігін де тілге тиек етті. Жылда тамыз айында жалға берілетін пәтер ақысы қымбаттайтыны да белгілі.

«Біріншіден, сұраныс бар. Сәйкесінше баға да өседі. Мысалы, Алматының Бостандық, Алмалы, Медеу аудандарынан пәтер жалдағысы келетіндердің саны өте көп. Себебі, жоғары оқу орындарының басым бөлігі осы аталған аудандарда шоғырланған. Жалпы, бағаның көтерілуі – әлемдік тенденция, тек біздің елде ғана емес. Бұл мәселені шешу үшін жатақханалар көптеп салынуы керек. Баға тапшылықтан көтеріліп жатыр», – дейді маман.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

«ҚҰРСАҚ» САУДАСЫ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

Кейінгі кезде еліміздің әр аймағында өз баласын сату фактісі көбейіп барады. Жаңа туған шарананы 2 миллион теңгеге сатпақ болған алматылық жұп ұсталғаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде тарады.



Осы қылмысты жасады деген күдікпен 7 адам қамауға алынды. Олардың әрқайсысының рөлдері нақты бөлінген.

«Туғанына 6 күн болған қызын 24 жастағы келіншек пен онымен бірге тұратын 21 жастағы адам сатпақ болған. Жұптың құрсақтағы баласын сатып алушыларды екі ай бұрын іздей бастағандығы анықталды.

Баланы Алматы қаласының тұрғындары алғысы келді – 48 жастағы У. есімді азамат және 46 жастағы Е. есімді азаматша. Тараптар 2 миллион теңгеге келіскен. Мәміле өткен демалысқа жасалды. Алайда, Қриминалдық полиция және Ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармалары қызметкерлерінің қаланың әр жерінде бір уақытта жүргізген арнайы іс-шарасы күдіктілердің жоспарын бұзды. Алғашқылардың қатарында қыздың биологиялық ата-анасы ұсталды. Одан кейін – әлеуетті сатып алушылар және ерлі-зайыпты делдалдар. Келесі қадам ақшалай сыйақы үшін баланың құжаттарын

рәсімдеу міндетін өз мойнына алған 56 жастағы А. есімді азаматшаны ұстау болды», – деді Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары Дидар Аханов.

Бала сатқан да, сатып алған да жазасыз қалмайды

Нәресте мен мәміленің қалған сомасын бір-біріне беру кезінде сатып алушылар мен делдалдардың бір уақытта ұсталғанын атап өтті.

«Өте маңызды жайт: кездесу кезінде делдалдардың қолында тағы екі сәбиі болған, болжам бойынша үш және айлық балалар. Ер адам бұлар өздерінің балалары екенін айта бастады. Алайда, олар балалардың жеке басын куәландыратын құжатты көрсете алмады. Осылайша осы арнайы іс-шараның нәтижесінде күдіктілерден үш сәбиі алынды. Олар медициналық мекемеге тексерілу және қажет болған жағдайда көмек көрсету үшін жеткізілді. Күдіктілер бұл балаларды «тірі» тауар ретінде пайдалануы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Тергеу міндетті түрде шындықты анықтайтын болады», – деді Д.Аханов.

Алматы қалалық ПД Тергеу басқармасының мәліметінше, аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмысқа сәйкес сотқа дейінгі тергеу басталды. Күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды. Алматы қалалық ПД Тергеу басқармасының мәліметінше, аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 135-бабы 2-бөлігінде көзделген қылмысқа сәйкес сотқа дейінгі тергеу басталды. Күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды. 2019 жылы адам саудасымен айналысқандар үшін жауапкершілікті қатаңдату бойынша Қылмыстық кодекске бірқатар өзгерту мен толықтыру енгізілді. Атап айтқанда, Кодекстің 135-бабы бойынша қаралатын істер ауыр қылмыстар санатына жатқызылып, көмелетке толмағандарды саудаға салып, пайда көздегендерді он сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ПОЛИЦИЯ

Түкіргенді көрсеңіз, суретке түсіріңіз

Алматы полициясы түкірген адамдардың фотосы мен видеосын «102» қосымшасы арқылы жіберуді сұрайды.

Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Ұзабаевтың айтуынша, әкімшілік заңнамаға сәйкес қоғамдық орындарда, саябақтар мен алаңдардағы кейбір ерсі әрекеттер заңмен шектеледі. Осыған орай, құқық қорғау саласының қызметкерлері қала тұрғындарын қоғамдық тәртіпті бұзу және қоғамдық орындарды ластау туралы иллюстрацияларды полицияға жіберуге шақырады.

«Тәулік бойы 20 оператор бейнеқоңыраулар, аудио немесе SMS-хабарламаларды қабылдайды. Бүгінде алматылықтар белсенділік танытып, заң мен тәртіпті қамтамасыз етуге өз үлестерін қосуда. Қолжетімді байланыс арналары арқылы олар ұсақ құқықбұзушылықтар туралы хабар береді. Жыл басынан бері «102» қосымшасы арқылы азаматтардан 500-ге жуық хабарлама келіп түсті. Ең жиі кездесетіні – түкірген адамдар туралы хабарлама. Жалпы, жыл басынан бері осындай құқықбұзушылық үшін ҚР ӘҚБК-нің 434-бабы 2-бөлігі бойынша 5613 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді Ержан Ұзабаев.

Спикердің айтуынша, биылғы жылдың жеті айында қаланы абаттандыру ережелерін бұзудың 17 152 дерегі, қоғамдық орында алкогольдік ішімдіктерді ішудің 11 481 дерегі, тыныштықты бұзудың 5494 дерегі, темекі шегуге тыйым салуды бұзудың 3077 дерегі тірелді, сондай-ақ 505 ұсақ қылмыс және т.б. анықталды.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



ЧЕМПИОНАТ



Бәріне қолжетімді!

Қазақстанда алғаш рет мүгедек арбасындағы теннистен ел чемпионаты өтеді.

16–18 қыркүйекте Алматы қаласындағы «Эйс» спорт кешенінде мүгедек арбасындағы теннистен ел чемпионаты өтеді.

Алғаш рет ұйымдастырылып отырған жарысқа еліміз өңірлерінен 12, 14, 16 жасқа дейінгі балалар, 16 жастан жоғары жасөспірімдер қатысады. Олар жекелей және жұптық сында бәсекеге түседі.

Қатысушылар санаттарына қарай «Standard» және «Quads» топтарына бөлінеді. Ішкі біріншілік екі кезеңге созылады. Бірінші кезеңде ойыншылар айналма жүйе бойынша сынға түседі. Сосын жартылай финал және финалдық бәсекелер болады. Екі сеттен тұратын матчта есеп 4:4 болған жағдайда тай-брейкке ұласады.

«Биылдан бастап Қазақстан теннис федерациясы арбадағы және адаптивтік теннисті кеңінен дамытуды қолға алды. Мұның болашағы зор. Ел чемпионатын өткізудегі негізгі мақсат – балалар мен ересектерді адаптивтік және паралимпиялық тенниспен айналысуға көбірек тарту, сондай-ақ ұлттық құрама жасақтау үшін мықтыларды анықтау», – деді федерацияның спортты дамыту жөніндегі атқарушы директоры Дэйв Майли.

ТЕННИС

Отандық теннисшілер халықаралық жарыстарда бірқатар жеңістерге жетті.

Қазақстандық Дмитрий Попко АҚШ ашық чемпионатының іріктеу сайысын сәтті бастады. Дүниежүзілік рейтингіде 236-орында тұрған Попко бастапқы матчын әлемнің 170-ракеткасы, италиялық Андреа Пеллегриномен өткізді. Бірінші партияда италиялық спортшы басым түсті – 6:4. Екінші сетте Дмитрий 2:0 есебімен алға кеткенімен, қарсыласы таразы басын теңестірді. Дегенмен, тай-брейкте қазақстандық теннисші сәтті ойнады – 7:6 (7:3). Үшінші – шешуші партияда Попконың құлашы жазыла түсті – 6:2. Енді Попко іріктеу сайыстарының жартылай финалында әлемнің 114-ракеткасы, словакиялық Норберт Гомбошпен кездеседі.

ТАЭКВОНДО

Қазақстан Азия чемпионатында үшінші орынға ие болды.

Паратаэквондодан ұлттық құрама Азия чемпионатын үшінші орында аяқтады. Турнир 20–23 тамыз аралығында Хошимин (Вьетнам) қаласында өтті. Чемпионат нәтижесінде қазақстандық спортшылар екі алтын, төрт күміс және бір қола медаль жеңіп алды. Атап айтқанда, Мәлік Мұқашев (80 келіден жоғары) және Камиля Досмалова (57 кг дейін) чемпион атанды. Нысанбек Айдарбеков (58 келіге дейін), Бауыржан Көшербаев (63 келіге дейін), Нұрлан Домбаев (80 кг) және Нышан Өмірәлі (80 келіден жоғары) күміс жүлде жеңді. Ал Әлішер Ғариполлаев (80 келіден жоғары) қоржынға қола медаль қосты. 15 елдің спортшылары бақ сынаған халықаралық жарыста біздің құрама командамыз жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды. Айта кеткен жөн, құраманың бас жаттықтырушысы Нұржан Есілбаев турнир нәтижесінде үздік бапкер атанды.

ALMATY URBAN FEST 2022

АЛМАТЫДА – АЙТУЛЫ ЖАРЫСТАР

Алматыда Almaty Urban Fest 2022 спорт фестивалі өтеді.

Алматыда Almaty Urban Fest 2022 урбанистік және экстремалды спорт түрлерінің фестивалі болады.

Іс-шара кеңейтілген форматта өтеді: 27 тамызда іріктеу турлары болса, ал 17 қыркүйекте қатысушылар гранд-финалда жүлделі орындарға таласады.

Алматы фестивалінің алаңында жас скейтерлер, роллерлер, самокатерлер, BMX қатысушылары, баскетболшылар, бишілер, армрестлер, воркаутерлер, трейсерлер және Dota 2 ойыны бойынша киберспортшылар сынға түседі. Жалпы, Almaty Urban Fest-ке 1100-ден астам адам қатысуы мүмкін.

Іріктеу кезеңі төрт алаңда өтеді. 3x3 баскетбол, стрит ворк-аут, армрестлинг және көше билері бойынша жарыстарды «Алматы Арена» қабылдайды. Агрессивті роликтер, кик-скутер, BMX және скейтбординг бойынша сайыстар Орталық мәдениет және демалыс саябағында өтеді. Трейсерлер кедергілер жолағынан «3runkschool» паркур мектебінде, ал киберспортшылар «Арена 2.0» компьютерлік клубында таласқа түседі.

Гранд-финал көрермендерге ыңғайлы болуы үшін бір алаңда – «Алматы Аренада» ұйымдастырылады. Финал кезінде іс-шараға келген көрермендер мен қонақтар шығармашылық байқаулар мен арт-инсталляциялар сияқты қосымша ивенттерге қатыса алады. Жарыс соңында көрермендерді концерттік бағдарлама күтеді.

Айта кеткен жөн, Almaty Urban Fest бұған дейін 2019 және 2021 жылдары Алматы қаласы спорт басқармасының бастамасымен



өткізілген болатын. Үшінші фестивальдің бағдарламасы жарысты екі кезеңде өткізу, сондай-ақ eSports және parkur сияқты спорт түрлерін қосу арқылы одан да жоғары деңгейде өтеді деп күтілуде.

Фестивальға қатысуға ниет білдірушілер almatyurbanfest.kz сайтында тіркеле алады.

СЕМСЕРЛЕСУ

Алматылық семсершілер – үздіктер қатарында

Алматыда семсерлесуден жастар арасындағы Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Алматылық семсершілер үздіктер қатарынан көрінді.

Шпага ұстап жекпе-жекке түскен қыздар арасында алматылық Александра Тамбовцева үздік болды. Ішкі біріншіліктің күміс жүлдесі де Алматы тумасы София Николайчук

бұйырды. Шанталь Жансүгірова (Ақтөбе облысы) мен Виктория Кайдарова (ШҚО) турнирді қола медальмен аяқтады. Сондай-ақ, семсерлесушілер арасындағы командалық жарыстың жеңімпаздары белгілі болды.

Ерлер арасында алтын жүлдені ШҚО-1 командасы иеленді. Екінші орынға Шымкент құрамасы жайғасса, Алматы-1 және ШҚО-3 командалары үздік үштікті түйіндеді.

Әйелдер арасындағы командалық сайыста да ШҚО-1 құрама үздік болды. Екінші-үшінші орындарда Алматының екі командасы және тағы бір қола жүлдені ШҚО-2 командасы алды.



Жарыс жеңіспен басталды



Қазақстанның жұптық сындағы бірінші, әлемнің 20-ракеткасы Анна Данилина Кливленд (АҚШ) WTA 250 турнирінің ширек финалына шықты. Жарыстың 4-ракеткасы

болып тіркелген Данилина сербиялық Александра Круничпен бірге алғашқы айналымда америкалықтар Мэдисон Бренгл – Лорен Дэвисті тізе бүктірді – 7:6 (7:5), 2:6, 10:7.

Анна мен Александра жартылай финалға шығу үшін жапониялық Мио Като – индонезиялық Алдила Сутджиадимен таласады. Тағы бір қазақстандық теннисші Денис Евсеев Тайланд челленджер турнирін жеңіспен бастады. Денис ATP Challenger Tour жарысында бастапқы кездесуін тайбэйлік Сюй Юямен өткізді. Бірінші партия барысында үшінші геймде Денис брейк жасап, 2:1 есебімен алға шықты. Бұдан кейін Сюй матчты жалғастырудан бас тартты. Евсеев екінші айналымда франциялық Кириан Жакемен қорқа шығады.

Тайландтағы осы жарыстада өзге қазақстандық спортшы Бейбіт Жукаев алғашқы айналымдағы үш сетте аустралиялық Омар Ясикаға есе жіберді – 6:4, 3:6, 3:6.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

Жас чемпиондар тәрбиеленеді

Алматыда үстел теннисі орталығы ашылды.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алатау ауданы әкімінің орынбасары Ертіс Бесіров мәлім етті. «Нұр-кент» шағынауданында үстел теннисі орталығы ашылды. Орталықтың негізгі залы – 20, жаттығу залы – 8 теннис үстелімен жабдықталған. Залда көрермендерге арналған 328 орын бар. Сондай-ақ, 2020-2021 жылдары салынған футбол алаңдарында жаттықтырушылар тегін жаттығулар өткізеді», – деді Ертіс Бесіров. Спикердің сөзінше, аудандағы Alatau Creative Hub орталығында балалар тегін үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. «Спорт және мәдениет бағыттары бойынша тегін оқытатын 9 аула клубы жұмыс істейді. Ал «Alatau Creative Hub» мәдени-білім беру орталығы балаларды тегін үйірмелерге қабылдайды», – дейді ол.

Оның айтуынша, жақында аудан тұрғындарымен спорттық және шығармашылық үйірмелерін ашу үшін Мәдениет үйінің ғимаратын сатып алу мәселесі талқыланған. Меншік иесімен ғимаратты сатып алу үшін құжаттаманы ресімдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ғимаратты сатып алғаннан кейін Алматы қаласының тиісті басқармаларымен бірлесіп үйірмелер ашу жоспарлануда.

«Бүгінгі күні меншік иесімен ғимаратты сатып алу үшін құжаттаманы ресімдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ғимаратты сатып алғаннан кейін Алматы қаласының тиісті басқармаларымен бірлесіп үйірмелер ашу жоспарлануда», – дейді спикер. Бұдан бөлек, «Шыңға өрлеу» және «Белсенді ұзақ өмір» әлеуметтік орталықтары базасында бірлескен үйірмелер ашу көзделген.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.

Азияда – үшіншіміз





МӘСЕЛЕ

ЕСІРТКІГЕ ЕСІ КЕТКЕН ЖАСТАР КӨБЕЙІП БАРАДЫ



Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты кеңесінің жиналысына қатысты. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен өткен басқосуда синтетикалық есірткімен күрестің негізгі аспектілері талқыланды.

Қазақстан жастары арасында синтетикалық есірткінің таралу мәселелері және оның алдын алу шаралары туралы баяндамасында министр қолданылатын психикалық белсенді заттар бөлінісінде жаңа, «синтетикалық есірткілерге» тәуелді адамдар санының өсу үдерісі байқалатынына назар аударды. Мәселен, соңғы бес жылда бұл контингент балалар мен ересектер арасында 14 есе өскен (2017 жылы 40 пациенттен 2022 жылғы 1 шілдеде 587 пациентке дейін).

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша, психикалық белсенді заттарды пайдалану салдарынан «Психикалық мінез-құлықтың бұзылуы» (ПМБ) диагнозымен 107 898 адам динамикалық бақылауда тұр. Оның ішінде 6245-і – 18-ден 29 жасқа дейінгі жастар. Ал олардың ішінде 46%-ы (2888)

есірткі және психотроптық заттарды тұтыну салдарынан есепке алынған.

А.Ғиният жиын барысында жастар арасында есірткіні тұтыну бойынша ұлттық зерттеу (ESPAD) нәтижесі психикаға белсенді әсер ететін заңсыз заттардың бүгінде оңай қолжетімді екенін көрсеткенін және оған жастардың құмарлығы барған сайын артып келе жатқанын атап өтті.

«2024 жылы «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасының аясында алкоголь және есірткі бойынша еуропалық мектептегі зерттеу жобасының әдіснамасына сүйеніп, жастардың психикалық белсенді заттарды тұтынуы жөнінде тағы бір зерттеуді жүргізу жоспарлануда», – деп мәлімдеді министр.

Бұл проблемамен күрестің алдын алу шаралары аясында 2022 жылы Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы ДДСҰ-ның Еуропалық бюросымен бірлесе психикалық денсаулықты қорғау қызметінің бірыңғай байланыс орталығын (Call-орталығын) ұйымдастыру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар, министрің айтуынша, 2022-2023 жылдарға арналған есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашакорлықтың алдын алу шараларын жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық жол картасын іске асыру аясында «Тәуелді адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтудың үш кезеңдік бағдарламасы бар өңірлік ПДО бөлімшелерін ашу» қарастырылған.

«Бүгінгі күні республикада 166 жастардың денсаулық орталығы (ЖДО) белсенді жұмыс істейді. Олар жастардың бойында салауатты өмір салтын ұстанудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға және оларға өз денсаулығын нығайтып, зиянды әдеттерден арылуға көмектеседі», – деді министр.

Алайда, Ажар Ғиниятқызының айтуынша, нашакорлықпен күрестің алдын алу шараларының тиімділігін және емдеу шараларының нәтижелілігін арттыру үшін бұл іске түрлі қызметтерді (білім беру, әлеуметтік қызмет, құқық қорғау органдары, т.б.), мемлекеттік органдар мен қоғамды араластыру керек. Сондай-ақ, ведомство басшысы білім беру жүйесіне оқушылардың арасында есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтынуды ерте анықтауға бағытталған психологиялық тестілеу енгізу мәселесін қарастыруды ұсынды.

ТҮЙІН:

Мамандардың айтуынша, адам есірткіні өзінің көңіліндегі ішкі бос қуысты толтыру үшін қабылдайды екен. Яғни сау кезінде ала алмаған қажеттілігін ол масаң күйде алады. Әлде сау кезінде шығара алмаған ойын ол мас кезінде жақсы жеткізеді. Оған осындай күй жетіспейді деген сөз. Сондықтан балаларымызға үнемі көңіл бөліп жүрейік. Жылы сөзімізді, мейірімімізді аямайық.

ЕСТЕ ҰСТАҢЫЗ!

Ата-аналар баласының есірткі қабылдай бастағанын қандай белгілермен анықтай алады?

● Есірткінің әсерінен көз сығырайып, жарыққа серпілісі әлсізденеді (қалыпты жағдайдағы көз қарашығы жарыққа сығырайды да, қараңғыда қарашық кеңейеді), терінің түсі сұрғылттанады;

● Өзін «масаяу» жағдайында ұстауы, маужырау;

● Еш себепсіз көңіл күйінің бұзылуы – жабығу, енжарлық, ашуланудың арты бірден көңілділікке, сергектікке, қозушылыққа көтерілуі;

● Жүріс-тұрысының өзгеруі – тұйықтық, жалғандық, жылпостық пайда болуы, бұрынғы қызығушылықтарының жоғалуы, жаңа сезікті достарының көбеюі;

● Үнемі шаршап жүру, оқу үлгерімінің төмендеуі;

● Денсаулығының нашарлауы, жиі жөтелу, жеңіл тұмау, ұйқысыздық;

● Тамырларында ине іздері мен көгерген жерлер пайда болады, олар инені қолдарына ғана емес, басқа да дене мүшелеріне сұғады;

● Үнемі ақша сұрау, үйден бағалы заттардың жоғалуы.

МАМАН КЕҢЕСІ

Қарапайым ережелер де бізді сақтайды

Вакцина алу – инфекциялардан қорғандың ең тиімді әдісі. Оны медицина ғылымы әлдеқашан дәлелдеп қойған. Сондықтан ковидке қарсы екпе алудан бас тартпаған абзал.



Жалпы, вакциналаудың негізгі әдісі – адам ағзасында қоздырғыштарды бейтараптандыратын заттардың пайда болуын ынталандыру үшін әлсіреген немесе өлтірілген микробтарды (немесе микробтардың ақуызына ұқсас жасанды синтезделген ақуыздар) енгізу.

– Вакцина енгізілгеннен кейін иммундық жүйе инфекцияға қарсы әрекет етеді және иммунитетті көтереді. COVID-19 жұқтырған жағдайда да ауруды тез ауыздықтайтын қуатты вакциналар бар. Бүгінгі күні ковидтен әлемде миллиардтаған адам вакциналанып үлгерген. Вакцина салдыру – өзіңізді COVID-19-дан қорғаудың, пандемияны мүлдем тоқтатуға және жаңа штамдардың пайда болуына мүмкіндік бермейтін маңызды қадамдардың бірі, – дейді Бостандық аудандық СЭҚБ-ның бас маманы С.Тілеубергенова.

Иә, дәрігер-мамандар қазіргі күні өзінің денсаулығын, айнала-

сының амандығын ойлаған әрбір адам үдеткіш дозаны да салдырғаны дұрыс деп отыр.

Ал өз кезегінде «Smart Health University City» медициналық орталығының аға медбикесі Г.Кумашева:

– Вакцина салдырғаннан кейін де COVID-19 жұқтырып алып, оны өзгелерге таратуыңыз мүмкін. Сондықтан өзіңіздің де, өзгелердің де дін амандығы үшін қолдан келетіннің бәрін жасаған абзал. Мәселен, көпшілік орталарда әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз, кісі аяғы көп жүретін орындардан бойды аудақ ұстаған абзал. Бетперде тағу да қауіпті вирустан сақтайды. Бөлмелерді жиі желдетіп тұру керек. Жөтелгенде және түшікргенде аузыңызды, мұрныңызды көлегейлеген дұрыс. Міне, осындай қарапайым ережелердің өзі бүкіл адамзаттың амандығына кепіл бола алады, – дейді.

БӘРЕКЕЛДІ!

Біздің елге Испаниядан келген турист ұшақта инсульт болып, оны алматылық нейрохирургтер аман алып қалды.

44 жасар Фернандо Боделон бұған дейін денсаулығына шағымданып көрмеген екен. Қазақстанды аралап көру үшін Алматыны бағытқа алып, ұшаққа отырады. Бірақ әуелайнері қонуға бірнеше сағат қалғанда саяхатшы өзін нашар сезінген.

«Ұшақта мойным ауырып, күрт бозарып кеттім, қайта-қайта лоқсып, құса бердім. Содан кейін сол қолым мен сол аяғымда әлсіздік пайда болды. Алматы әуежайына қонған соң мені «Жедел жәрдем» дәрігерлері күтіп алды», – деп еске алады Фернандо Боделон.

№4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөліміне жеткізілген кезде туристің жағдайы ауыр деп бағаланған. Аурухананың нейрохирургтері шетелдік қонақтың өмірі үшін 27 күн бойы күресті. «Миға жасалған КТ оң гемисфераның қыртыс асты ядролары аймағында қарыншалық жүйенің бұзылуын, геморрагиялық типті ми қан айналымының жедел бұзылуын, мидың ісінуін көрсетті. Науқас шұғыл түрде жансақтау бөліміне жатқызылды», – дейді №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөлімінің меңгерушісі Магадин Хайроев.

Туристің өмірін сақтап қалу үшін оған шұғыл түрде ота жасау қажет болған. Істі нейрохирургия

Ұшақтан – ауруханаға алматылық нейрохирургтер шетелдік туристі аман алып қалды



бөлімінің меңгерушісі Нұржан Әжібеков, ассистент Ельдар Бесенов және анестезиолог Маржан Мусина қолға алады. Ота 60 минутқа созылып, сәтті аяқталған, яғни дәрігерлер ми қан айналымын қалпына келтірген.

«Біз ми ішіндегі гематоманың дренажын жасадық. Отадан кейінгі кезең тұрақты-ауыр түрде өтті, науқаста оң динамика байқалды. Ауруханадағы бақылаудан кейін Фернандоның жағдайы жақсарып, үйге шығарылды», – дейді емдеуші дәрігер №4 қалалық клиникалық аурухананың нейрохирургі Алдонғар Айсаяытов.

Фернандо Боделон ауруханадан шыққаннан кейін бірден еліне Испанияға жол тартты. Онда ол оңалту курсынан өтетінін айтып отыр. Турист ойына алған сапарын болашақта жалғастырып, Қазақстанға қайта келуді жоспарлап отыр. Ол біздің елдің тыныс-тіршілігімен етене танысуды армандап жүрген көрінеді.

«Мені ажал аузынан аман алып қалған дәрігерлерді қашанда жылы лебізбен еске алып жүретін боламын. Маған өмір сүруге мүмкіндік бергендеріңіз үшін рахмет!», – дейді Фернандо Боделон.



ЭКОМӘСЕЛЕ

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының негізгі мақсаты – атмосфералық ауаның ластануын азайту, қалдықтарды, су ресурстарын және орман шаруашылығын басқару жүйесін жетілдіру.



ҰЛТТЫҚ ЖОБАДАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

«Жасыл Қазақстанның» негізгі мақсаты қандай?

«БІРЫҢҒАЙ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ ҚАЖЕТ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе екеніне тоқталып, Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыруға кірісуді тапсырған болатын. «Бес жыл ішінде орман алқабында 2 миллиард, елдімекендерде 15 миллион ағаш отырғызылатын болады. Бұл еліміздегі көгалдандыру ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді... Мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажет. Қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін «Birge – таза Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде өткізіп тұрған жөн. Ел ішіндегі экологиялық туризм мәдениетін белсенді дамыту – маңызды міндетіміз», – деген еді Президент.

Содан бері бұл мәселені Мемлекет басшысының жіті назарда ұстап келе жатқаны қуантады. «Елімізге бірыңғай экологиялық саясат қажет. Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау керек» деп түйіндегені әлі есте. Көп кешікпей елімізде жаңа құрылым – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі пайда болды. Бұл министрлік тарапынан жүйелі жұмысты, халықтың экологиялық мәдениеттілігін арттыруды қолға алуды талап етті. Мектептерде оқушылардың экологиялық білімі пәнін енгізуді ұсынды. Президенттің осы талабы аясында министрліктің бастамасымен #Birge #TazaQazaqstan экологиялық акциясы жарияланғанын да білеміз. Мемлекет басшысы өзінің Twitter-дегі парақшасында Үкімет пен азаматтық қоғамның бастамасымен бүкіл ел бойынша жүзеге асырылып жатқан ЭКО-челлендж қозғалысына қолдау білдіріп, елді тазалық аймағына айналдыруға шақырды.



639 ПОЛИГОН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАРҒА СӘЙКЕСТЕНДІРІЛДІ

Күні кеше Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралып, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев осы саладағы бірқатар мәліметтермен қанықтырды.

Министр мәлімдегендей, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған. Ұлттық жоба 4 бағытты, 11 міндетті, 19 көрсеткішті және 48 іс-шараны қамтиды. 2021 жылы ұлттық жобаны іске асыруға 89,3 млрд теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 27,6 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 15 млрд теңге және бюджеттен тыс 46,7 млрд теңге қаржы көзделген. Биыл ұлттық жобаның іс-шараларын іске

асыруға шамамен 161 млрд теңге жоспарланған.

Үкіметтің ресми ақпараттық ресурсында жарияланған деректерге сүйенсек, 2021 жылы 16 кәсіпорын атмосфералық ауаға шығарған ластаушы заттар мөлшері 3%-ға азайған, ал 2022 жылдың 6 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,7%-ға төмендеген. Бұл көрсеткішке табиғатты қорғау іс-шараларымен қатар, өнеркәсіпті модернизациялау есебінен қол жеткізілген екен. Сонымен қатар, 3005 полигонның 639-ы экологиялық нормаларға сәйкес келтірілгені, бөлек жинау үшін 3876 контейнер орнатылғаны белгілі болды.

5 ЖЫЛ ІШІНДЕ – 2 МЛРД ТҮП АҒАШ!

Бүгінде елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 5 жыл ішінде 2 млрд түп ағаш отырғызу туралы ауқымды жоба іске асырылып жатқаны белгілі. Осы тапсырма аясында өңірлерде кешенді

жоспарлар бекітілген, соған сәйкес интерактивті карта дайындалып, қажетті техника мен жабдық құралдары сатып алынды. 2021 жылы 66 мың гектар алаңға шамамен 138 млн ағаш отырғызылған екен. Ұлытау тау-дала массивінің экожүйесін қалпына келтіру және сақтау үшін Мемлекет басшысының тапсырмасымен ауданы 58,9 мың гектарды құрайтын «Ұлытау» ұлттық паркі құрылды. Ал өзектілігі әлемді алаңдатқан Арал өңірінің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында өткен жылы аумаққа 100 мың гектарға сексеуіл отырғызылған екен, биыл тағы 250 мың гектар отырғызу жоспарланған. Осы жылдың көктемінде 12 мың гектар сексеуіл отырғызылды, қалған 238 мың гектар күзде отырғызылмақ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР ЭКОАХУАЛДЫ ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛУЫ ТИІС

Қоршаған ортаны жақсарту үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ірі кәсіпорындарда эмиссиялар мониторингінің автоматты жүйесін енгізу қажеттілігі туралы норма күшіне енгізілмек. Бұл шара әрбір кәсіпорынның зиянды қалдықтары туралы жедел әрі шынайы ақпарат алуға бағытталған. Демек, кәсіпорындарға мониторинг жүргізіліп, атмосфераға шығатын зиянды қалдықтар деңгейі асып кеткен жағдайда жедел шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Экология министрлігіне жүйені енгізуді ерекше бақылауға алуды міндеттеген Әлихан Смайылов өткен жылдан бері экологиялық төлемдер экологиялық ахуалды жақсарту шараларына бағытталуы тиіс деген норманың қолданылып жатқанына маңыз берді. Әрбір өңір бойынша экологиялық жағдайды жақсарту үшін іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттігін айтты. Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Қаржы, Экология, геология және табиғи ресурстар министрліктеріне ірі елдімекендерде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қаражат бөлу мәселесін пысықтау тапсырылды.

Және бір ауқымды жұмыс – Аралды сақтау үшін қазіргі уақытта «Арал теңізінің солтүстік бөлігін дамыту және қалпына келтіру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Ақтөбе облысындағы Шалқар көлін тазарту жұмысы жалғасып жатыр.

ЭКОНОМИКА ДА, ТҰРМЫС САПАСЫ ДА ІЛГЕРІЛЕЙДІ

Жақында ғана Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен аймақтардың экологиялық жағдайы туралы брифингте экологиялық мониторинг нәтижелері бойынша, 45 өнеркәсіптік қала мен мегаполистердің ішінде бірқатар қалаларда – Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен және Шымкент аумақтарында – атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары деп танылды. Ал Жезқазған қаласы осы жылдың басында жоғары деңгейден орташа деңгейге өткен екен. Осы жөнінде кеңінен мәлімет келтірген Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зұлфұхар Жолдасов республика бойынша биыл бірінші жартыжылдықта ластаушы заттар қалдықтарының жалпы көлемі 0,9 млн тоннаны құрағанын мәлімдеді. Атмосфералық ауаның ластану себептерін үш санатқа бөлген мамандар, мәселен, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында ластану негізінен жылу көздерінен, автокөлік пен жеке сектордан туындайтынын айтып отыр. Бұл ретте Алматыда жоспарланған екінші жылу электр орталығын газға ауыстыру шарасы 2025 жылға қарай ластаушы заттар шығарындыларын 80%-ға төмендетуге мүмкіндік береді екен.

Тақырыпты Президент тұжырымымен тұздықтасак, «жасыл экономика» жағдайында экономикалық өсім де, тұрмыс сапасы да ілгерілеуі тиіс. Ал атмосфералық ауаның ластануын азайтуды, қалдықтарды, су ресурстарын және орман шаруашылығын басқару жүйесін жетілдіруді, көміртегінің үлесін барынша азайтуды көздейтін бұл ұлттық жоба – «Жаңа Қазақстанды» қалыптастырудағы өрелі қадам болмақ.

Т.ДЕРЫСАЛИН.



СҰХБАТ

– Құрметті Ақан Жылқышы-байұлы, сізді филармонияның жаңа маусымның ашылуымен шын жүректен құттықтаймыз! Алдымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы несімен ерекшеленеді, осыған тоқталып өтсеңіз...

– Филармонияның жаңа концерттік маусымының ашылуы біз үшін зор қуаныш. Әуелі бұл өнер шаңырағы – еліміздегі терең тарихы бар, бірнеше буын алдыңғы толқыннан тұратын жолы бар, өзіндік орны бар бірегей филармониялардың бірі. Биыл Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясына 87 жыл толып отыр. Өзінің соқпағын отызыншы жылдардан алатын қазақ топырағындағы тұңғыш концерттік мекеме санаулы филармонияның бірден-бір ерекшелігі болып табылады. Филармония содан бергі аралықта ұлттық өнеріміздің, оның ішінде музыка өнерінің шарықтап дамуына үлкен үлес қосып келеді. Бүгінде мәдени астанада орналасқан, еліміздегі жетекші концерттік ұйым болып қалыптасқан филармония ұжымы ұлттық және академиялық музыка саласында зор табыстарға жетіп отыр. Ұлттық классикалық музыканы дәріптеп, әлемдік мәдениеттегі академиялық классикалық жанрларды қазақ топырағына жеткізген киелі шаңыраққа айналды. Осының бәрі филармония құрамында қызмет еткен, әлі де қызмет етіп жүрген ұжымдар мен жеке орындаушылардың еңбегі деп зор мақтанышпен айта аламыз.

– Филармония құрамындағы әртістер жайлы айтаңыз. Ұжымдағы өнерпаздар құрамында өзгерістер бар ма?

– Филармонияда атақ-даңқы алысқа жеткен 7 шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Олардың қатарында ҚР Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрі, Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік хор капелласы, ҚР Мемлекеттік үрмелі аспаптар оркестрі, Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрі, Мемлекеттік қарағайлы үрмелі аспаптар квинтеті, Ғ.Жұбанова атындағы мемлекеттік шекті аспаптар квартеті мен жеке орындаушылар тобы ұжымдары бар. Ағымдағы жылда Мемлекеттік қарағайлы үрмелі аспаптар квинтетінің құрамы өзгерді. Құралай Мәлімбаева квинтет құрамынан кетіп, орнына жаңа гобойшы – Жақыпбек Асыл деген жігіт келді. Сондай-ақ, бір-екі өнер иесінің қызметтен кетуіне байланысты жаңа мамандар қабылданды. Қазір жас мамандарды жұмысқа тартудың маңыздылығын ескеріп, «Отырар сазы» оркестріне бас қобыз, прима қобызға, ҚР МАСО құрамына виолончельші мен хор капелласына жас мамандарды алдық.

– Филармонияға басшылыққа келгеніңізге жарты жылдай уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қандай өзгерістер әкелдіңіз? Соңғы уақытта филармония репертуарының жаңарғанын байқаймыз.

– Өнер ұжымдары қай кезде де үздіксіз жұмыс істеп жатады, сол әріптестеріңмен бірге дамылсыз даму қажет. Менің қазіргі қызметім, жауапкершілігім осы филармонияға тікелей байланысты болып тұр: филармонияның дұрыс бағытта жұмыс істеуі, репертуарлық саясаты, көрерменді қызықтыра білу. Қазіргі басты міндетім – репертуарға жаңа леп әкелу. Соңғы уақытта филармония репертуарының сан алуандығына мән беріп, осы бағытта жұмыс істеп келеміз. Репертуардың қалыптасуы, жаңаруы жолында жаз маусымында бірқатар жұмыстар атқарылды. Көрермен тарапынан классикалық шығармаларға сұраныс жоғары, қай уақытта да кештер аншлаппен өтеді. Ал ұлттық өнердің көрермені аз. Әр филармонияның өзіндік стилі, бағыт-бағдары болады. Десе де, көрермендерге не қажет екенін білу үшін әлеуметтік желілер арқылы байланыс ұстап отырамыз. Жаңа маусымда соларды ескереміз.

– Жаңа маусымға дайындық жұмыстары қалай жүріп жатыр? Қандай жаңашылдықтар бар?

– Филармония, міне, өзінің



Ақан ӘБДУӘЛИЕВ,

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

ДӘСТҮРЛІ ӘН ӨНЕРІ – ҰЛТ БОЛМЫСЫ

87-маусымын бастағалы отыр. Осы маусымдағы филармонияның алғашқы шарасы – гастрольдік концерт. Филармонияның жаңа маусымы тамыздың 28 күні ҚР Мемлекеттік үрмелі аспаптар оркестрінің концертімен ашылады. Бұл концерт арнайы шахтерлер күні мен Конституция күніне орайластырылды. Шығармашылық кештер Қарағандының бірқатар аймағында ұйымдастырылмақ. Бұл концерт тосын сыйлар мен қызықты бағдарламаларға толы жаңа маусымның бастамасы болмақ.

Ал енді жаңа маусымның дайындық жұмыстарына келер болсақ, дайындық әлі де белсенді жүргізілуде. Афишасы, баннерлер, олардың дизайны бар. Жаңа маусымда әркім тың идеялар ұсына алатын жаңашылдықтар күтеді. Биылғы маусымның жаңалығы – филармонияның ішкі фестивальдер мен байқаулары.

Филармония ұжымы алдағы уақытта іске асырылар маңызды іс-шаралар тізбегін жоспарлап отыр. Олардың қатарында «Өнерім саған – Қазақстан» атты фестиваль, Әміре Қашаубаев атындағы республикалық байқау бар. Алғашқы фестивальдің мақсаты қазақ халқының өнері мен мәдениетін Қазақстанда тұратын этностық топтар арасында жан-жақты насихаттау және дамыту, қазақ халқының ұлттық музыка мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Ал байқау үшін қазақ халқының дәстүрлі ән өнерін дамыту үшін жағдай жасауды мақсат етіп қойдық. Дәстүрлі ән өнері – ұлттың болмысы. Сондықтан дәстүрлі өнерді дәріптеу қажет. Бұл байқауға дәстүрлі өнерге қатысты шығармашылық ізденіс пен жаңа жетістіктерге бастайтыны белгілі. Жылда өткізілетін «Дирижерлер шеруі» тағы бар. Биыл алыс-жақын шетелден 8 дирижер келеді деп күтілуде.

Жалпы осындай шаралардың өткізілуі – өнер ұжымдарының да-

муын анықтайтын маңызды іс-шаралардың бірі. Біз де осындай жастар шығармашылығын дамытатын, жаңашыл ізденістерге қозғау салатын, қазақ сахна өнерінің дамуына жаңа серпін беретін фестиваль-жобалар мен байқауларды қолға алып отырымыз.

– Алматылық көрермен жаңа маусымда қандай концерттерді тамашалай алады? Осы тұста алда әртістермен бірлесе ұйымдастырылатын гастрольдік сапарлар да өнерсүйер қауымды қызықтырмай қоймасы анық.

– Көпшілік көрерменнің сүйікті «The best of...» циклінен концерттер бар. Классиктер көп, сол себепті Чайковский, Бах, Бетховен, Моцартпен ғана шектелмей, көкжиегімізді кеңейтейік деп шештік. Филармония құрамындағы солистеріміздің де жаңа бағдарламалардан тұратын арнайы дайындаған концерттері бар. Біздің жас көрермендерімізді де жексенбі күндері өтетін концерттер күтіп тұр. Және бұрынғыша музыкалық абонементтер қолданылатын болады. Мектеп оқушылары үшін «Музыкалық алфавит» атты жылдық абонемент бар. Бұл абонементтердің болашақ ұрпақтың мәдени өресіне сіңіретін үлесі зор деп білеміз.

Сондай-ақ, филармония мерекелік іс-шараларға ерекше көңіл бөліп келеді, сол дәстүр жалғасады. Маңызды даталар, мемлекеттік мейрамдарды да ескерусіз қалдырмаймыз. Нұрғали Нусіпжановтың 85 жылдық мерейтойын, сахнадағы 65 жылдығын «Отырар сазы» оркестрінің қатысуымен кең көлемде атап өтеміз. ҚР МАСО ұжымы да гастрольдік сапармен желтоқсанда астанаға аттанбақ. Жоспар бойынша Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласының Ақтау қаласында концерті бар. Филармония осындай жақсы жаңалықтармен, жаңа тыныспен көрермендерді жаңа концерттік маусымда күтеді.

Сұхбаттасқан
Айжан БҰРКІТБАЕВА.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Бұл күнде аянбай жатып қалған жұрт, кетіп бара жатқан жұрттардың аяғының астында қалмақ. Қазақ халқы болып жасаймын десе, ілгері ұмтылып талпынатын кезі осы.

ЗАМАНСӨЗ

«Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ар-ұжданы».

Әлімхан ЕРМЕКОВ.

ТҰЛҒАТАНУ

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ ЕРЕКШЕ ЕДІ...

Ахметтің білім саласына, соның ішінде тілге деген құрметі ерекше еді. Сауаты ашылып, білімді ел қатарына енді қосылып келе жатқан қазақ тілін бұрмалап, ауыстырудың тиімсіз екенін ашық айтты. Оның үстіне, бүкіл жұрт тез қабылдап, өзге де түркі тілдес елдер үлгі ете бастаған бұл жазуды ауыстырып, латынға көшу ертеңгі күні кириллицаға көшудің баспалдағы екенін сезген секілді. Ақыры сондай боп шықты.

Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫНАН

- Ахмет Байтұрсынұлы 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханмен және М.Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.
- 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.
- Ұлт ұстазының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п).
- 1920 жылы В.И.Ленинге оның үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасуына ісіне белсенді түрде араласты.
- Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 жылғы 27 тамызда Қостанай уезін Челябинь облысына қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды.
- 1920 жылғы тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық азарту комиссары қызметінде жұмыс жасады.
- 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық азарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Осы кезеңде Орынбордағы, 1926–1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық азарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді.
- 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты.
- 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада үш жылға Архангельскке жер аударылын деп ұйғарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі.
- 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды.

(Дереккөз: Уикипедия — ашық энциклопедиясы).



• Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда жарық көрген қазақша Әліппесінің мұқаба беті.

ДҮЙСЕНБІ
29 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

Ядролық қарудан бас
тартудың халықаралық күні
Семей полигонының
жабылған күні

6.00 Әсем әуен
7.00 Қош келдіңіз! №20
8.00 Алақай, демалыс!
9.00 Ура, каникулы!
10.00 Детский кино клуб.
«Кунг-фу Кролик.
Повелитель огня»
11.30 Обо всем без купюр
12.00 Т/х «Есіктер»
1–4 серия
14.15 Үздік әзіл
15.00 Женский кино клуб.
«Другая я»
19.00 Телехикая.
«Мамыр ханшайымы»
20 серия
20.00 BOLLYWOODтан
махаббатпен!
Мелодрама «Сезім
сергелдеңі»
23.00 Мужское кино.
Стив Остин в боевике
«Поймать, чтобы убить»
1.00 Алматинские истории
1.25 Алматинские каникулы
1.55 Алматы тұнған тарих
2.15 Алматы кеші
3.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Киелі Qazaqstan»
6.25 «Күй-керуен»
6.55 «Достығымыз
жарасқан». Концерт
9.00 «Мұзбалақ»,
Мультфильм
(«Қазақфильм»,
2018 ж.)
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая
12.00 «Сағындырған
әндер-ай»
14.30 «Менің атым Қожа».
Көркем фильм
(«Қазақфильм»,
1963 ж.)
16.05 Куандық Рахымның
концерті
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая
20.00 ТҰСАУКЕСЕР!
Дисней ұсынады.
«АРЫСТАН ПАТША».
Мультфильм
21.25 «Күйеу бала».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая
23.30 «Томирис».
Көркем фильм
(«Қазақфильм»,
2019 ж.)
2.00 «Күй-керуен»
2.30 «Теледәрігер»
3.15 «Ауылдастар»
3.40 «Киелі Qazaqstan»
4.00 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 «Кім мықты?»
7.00 Тұсаукесер!
Тікелей эфирде
«Оян!»
10.00 Телесериал.
Сезон дождей»
12.00 Деректі фильм.
«Мектеп салу –
маңызды міндет»
12.10 Телехикая.
«Пәленшеевтер 3»
13.00 Телехикая. «Көзімді
жұмсам да...»
15.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
16.00 Телесериал.
«Сезон дождей»
18.00 Мегахит. «Слепой»

20.00 Гала концерт.
«Baqytty bala»
21.45 Телехикая. «Көзімді
жұмсам да...»
23.45 Мегахит.
«Напролом»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 Ризамын
07.00 Мультсериал
«Лекс и Плу»
07.30 «31 әзіл»
08.50 Анимационный фильм
«Астерикс против
Цезаря»
10.30 Тұсаукесер!
«Қайсар»
телехикаясы
12.00 КИНО.
Скотт Мехловиц в
комедии «Евротур»
(повтор)
14.00 Анимационный фильм
«Барбоскины на даче»
15.40 КИНО.
Том Круз в боевике
«Особое мнение»
(повтор)
18.50 КИНО.
Марк Уолберг,
Джейсон Стэйтем
в боевике «Ограбление
по-итальянски»
(повтор)
21.20 КИНО.
Дуэйн Джонсон
в боевике
«Спасатели Малибу»
00.00 «Bizdin show»
(қайталау)
01.50 «31 әзіл»
02.30 What's up
03.00 Сериал
«Базарбаевтар»
03.40 Әзіл студия
04.30 1001 Әзіл
05.00 BALA BATLLE
05.30 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
6.40 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
7.15 «ТАМАДА BATTLE»
бағдарламасы
8.40 «МЕКТЕП САЛУ –
МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ».
Деректі фильм
8.50 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
9.50 Алексей Гуськов,
Марат Башаров, Ольга
Будина, Елена Панова,
Михаил Ефремов,
Рената Литвинова,
Андрей Панин в
многосерийном
фильме «ГРАНИЦА.
ТАЕЖНЫЙ РОМАН»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы.
Жаңа маусым
18.30 «БАСТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасы.
Жаңа маусым
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Константин Соловьёв,
Игорь Жижикин,
Александра
Прокофьева, в
многосерийном
фильме «БАРСЫ»
0.50 Ночной кинотеатр.
«ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2.20 «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА
О КАТЕРИНЕ».
Многосерийный фильм
3.25 «БАСТЫ
ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
4.40 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 5.30



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
08.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00 Х/с «Женский доктор»
11.10 Х/с «Балабол»
13.20 Т/х «Пәленшеевтер»
Тұсаукесер!
14.40 Т/х «Ата-ана.
Бала-шаға»
15.40 Т/с «Гадалка»
16.10 Х/с «Полицейский с
Рублевки»
17.20 Х/с «Женский доктор»
19.30 Х/с «Балабол»
22.00 Шаншар
00.10 Х/с «Полицейский с
Рублевки»
01.10 Т/с «Гадалка»
01.50 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
02.50 Jaidarman
03.50 Айна-online
04.30 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы
07.35 «ЖИМАУДЫҢ
ЖЕТІСТІГІ»,
қытай телехикаясы
08.20 «AQ МАМА»,
реалити-шоу
09.25 «В ПЛЕНУ У
ПРОШЛОГО»,
мелодрама
(худ.сериал)
11.20 «ДОЛГАЯ ДОРОГА К
СЧАСТЬЮ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
14.50 «КӨРІПКЕЛ»
16.00 «ӨКІНІШ», өзбек
телехикаясы. С
субтитрами на русском
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР»,
өзбек телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ»,
мелодрама. В ролях:
Анастасия Иванова,
Иван Головкин,
Александр Рудько
худ.сериал)
23.40 «ПОДРАЖАТЕЛЬ»,
детективная
мелодрама. В ролях:
Евгений Дятлов,
Максим Дрозд, Полина
Филоненко. Премьера!
(худ.сериал)
01.30 «ЧУМА», криминальная
драма (повтор)
(худ.сериал)
02.15 «ӨКІНІШ», өзбек
телехикаясы
(қайталау)
03.15 «КӨРІПКЕЛ»
(қайталау)
04.00-
04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан
Чемпионаты. «Тараз» –
«Астана»
09.00 «SUPER BOL!».
8 выпуск
09.50 «PRO HOCKEY».
Президент Кубогының
қорытындысы
10.25 ФУТЗАЛ. Еуропа
Чемпионаты.
1/4 финал.
Қазақстан – Украина
12.15 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының шолуы

12.40 ДНЕВНИК. «SUPER
BOL!».
35 выпуск
12.55 Международный
турнир по трем видам
борьбы «Bolat Turlykha-
nov Cup»
16.35 «Татулықты ту еткен
ойындар». Арнайы
репортаж
16.55 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
2 сезон. 8 выпуск
17.15 «PRO FOOTBALL».
Қазақстандық
клубтардың
еврокубоктардағы
ойындарының
қорытындысы
17.50 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем
Чемпионаты.
Топтық турнир.
(Ерлер). Аргентина –
Нидерланд. Тікелей
эфир
19.55 «SPORT REVIEW».
Апталық-сараптамалық
бағдарламасы
20.30 ДНЕВНИК. «SUPER
BOL!».
35 выпуск
20.50 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының шолуы
21.20 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем
Чемпионаты. Топтық
турнир. (Ерлер). Иран –
Египет. Тікелей эфир
23.25 «PRO HOCKEY». Итоги
Кубка президента
23.55 «QAZAQ STYLE». 5 бөлім
00.10 «Маңғаз
Маңғыстаудағы
құрлықтық дода».
Арнайы репортаж
00.25 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
7.50 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая
8.15 «Қайсар автобус»
Мультхикая
8.45 Анимация. Отандық /
«Сәби»
9.05 «Хайди»
Мультхикая
9.30 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз шөжелер»
10.00 «Үйшіктер»
Мультхикая
10.15 «Кітап қана» танымдық
бағдарлама
10.25 «Маймылдар мекені»
Мультхикая
10.50 «Адал достар»
Мультхикая
11.05 «Qaitaliyq» спорттық
бағдарлама
11.15 «Горм сақшылары»
Мультхикая
11.40 Анимация. Отандық /
«Қызыл мен Күлгін»
12.00 «Ауыл жұлдыздары»
телехикая
12.40 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
12.45 «Смайтиктер»
Мультхикая
13.05 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
13.15 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
13.25 «Дуда мен Дада»
Мультхикая
13.50 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
14.05 «А4» ситком
14.30 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
14.40 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
15.25 «Үйшіктер»
Мультхикая
15.40 «Шебер Мәнни»
Мультхикая
16.05 «Көңілді құндыз»
Мультхикая
16.30 Анимация. Отандық /
«Сәби»
17.05 «Қайсар автобус»
Мультхикая

17.30 Анимация. Отандық /
«Кемпіркөсақ»
17.50 Анимация. Отандық /
«Тынымсыз шөжелер»
18.25 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая
18.50 «Маймылдар мекені»
Мультхикая
19.15 «Адал достар»
Мультхикая
19.30 Анимация. Отандық /
«Әл-Фараби»
19.40 Анимация. Отандық /
«Қызыл мен Күлгін»
20.00 «Хайди»
Мультхикая
20.30 «Шебер Мәнни»
Мультхикая
20.55 «Ауыл жұлдыздары»
телехикая
21.35 «Смайтиктер»
Мультхикая
21.55 «Горм сақшылары»
Мультхикая
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі
22.40 «Дуда мен Дада»
Мультхикая
23.05 «Көңілді құндыз»
Мультхикая
23.30 «А4» ситком
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
11.00 «JUMBAQTIMES»
бағдарламасы
12.20 «ТОР» – Өнер
Қырандары
15.10 «Келинка Сабина»
Х/ф
17.30 «Келинка Сабина 2»
Х/ф
19.30 ТҰСАУКЕСЕР!
«Әзілің жарасса...»
концерті
21.55 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
23.50 «My love is Aisulu» Х/ф
02.10 «Астана кеші көңілді»



TALIMTV

07.05 Сүбелі сөз
(Қазақша) –
сұхбат
07.40 Syrym story
08.10 Қазақ спорты
09.00 «Сырласайық»
(Архив) –
Қайталау
10.00 Саулықтың сыры
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Фибратты ғұмырлар
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Сырласайық»
(Архив) –
Қайталау
16.00 «Үлкен үй-2» –
телехикая
17.00 Dara til
17.20 Оңліне
17.40 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.00 Емен-жарқын
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Латын
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
21.10 «Үлкен үй-3» –
телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің Анам Әкем
23.00 Рухани байлық
23.30 Проза параграфы



СЕЙСЕНБІ 30 ТАМЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Қош келдіңіз! №21
8.00 Таңғы студио. Қаз/рус
10.00 Детский киноклуб. «В поисках Титаника»
11.30 Д/ф. «Изменения в Конституцию. путь к демократизации».
11.45 Д/ф. «Жаңа техника – жаңа мүмкіндік»
12.00 Т/х «Есіктер» 5–8 серия
14.15 Үздік әзілдер
15.00 Женский киноклуб. «Ни слова о любви»
19.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 21 серия
20.00 BOLLYWOODтан махаббатпен! Мелодрама «Қаһарман Вир»
23.00 Мужское кино. Стив Остин в боевике «Нокаут»
1.00 Алматинские истории
1.25 Алматинские каникулы
1.55 Алматы тұнған тарих
2.15 Алматы кеші
3.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Киелі Qazaqstan».
6.25 «Томирис». Көркем фильм («Қазақфильм», 2019 ж.)
9.10 «Ата Заң – алтын тұғыр». Мерекелік концерт
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая
12.00 «Менің атым Қожа». Көркем фильм («Қазақфильм», 1963 ж.)
13.30 Дисней ұсынады. «Арыстан патша». Мультфильм
14.55 «Әзіл әлемі»
17.15 Мультфильм
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая
20.00 «ЖАҒҒЫРУ. КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ». Деректі фильм
20.20 «АЙ-ХАЙ, 25». Төреғали Төреәлінің концерті
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая
0.00 «Ата Заң – алтын тұғыр». Мерекелік концерт
0.50 «Жаңғыру. Конституция күні». Деректі фильм
1.10 «Күміс көмей»
1.55 «Теледәрігер»
2.40 «Ауылдастар»
3.10 «Киелі Qazaqstan»
3.30 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 «Кім мықты?»
7.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Телесериал. «Сезон дождей»
12.00 Деректі фильм. «Изменения в Конституцию. путь к демократизации»
12.10 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
13.00 Телехикая. «Көзімді жұмсам да...»
15.00 Концерт. «Ата Заң – тәуелсіздік тірегі»
16.00 Телесериал. «Сезон дождей»
18.00 Мегахит. «Напролом»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня

- 21.30 Телехикая. «Көзімді жұмсам да...»
23.30 Мегахит. «Овердрайв»
1.00 ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.30 Ризамын
07.00 Мультсериал «Лекс и Плу»
07.30 «31 әзіл»
08.50 Анимационный фильм «Астерикс в Британии»
10.30 Тұсаукесер! «Қайсар» телехикаясы
12.00 Анимационный фильм «Барбоскины на даче» (повтор)
13.45 КИНО. Робин Уильямс в приключенческой комедии «Джуманджи»
16.05 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Спасатели Малибу» (повтор)
19.00 КИНО. Джеки Чан в боевике «Случайный шпион»
21.30 КИНО. Джош Хартнетт, Юэн Макгрегор в боевике «Чёрный ястреб»
00.40 «Bizdin show» (қайталау)
02.00 «31 әзіл»
02.30 What's up
03.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.40 Әзіл студио
04.30 1001 Әзіл
05.00 BALA BATLLE
05.00 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
6.40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7.15 «ТАМАДА BATTLE» бағдарламасы
8.40 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
9.40 «КОНСТИТУЦИЯ. СПРАВЕДЛИВОСТЬ И ДЕМОКРАТИЯ». Документальный фильм
9.50 Алексей Гуськов, Марат Башаров, Ольга Будина, Елена Панова, Михаил Ефремов, Рената Литвинова, Андрей Панин в многосерийном фильме «ГРАНИЦА. ТАЕЖНЫЙ РОМАН»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Жаңа маусым
18.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMIZ» бағдарламасы. Жаңа маусым
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Андрей Чубченко, Варвара Бородин, Алексей Шевченков в многосерийном фильме «ВЕТЕРАН»
0.50 Ночной кинотеатр. «ЗОЛОТАЯ ОРДА»
2.20 «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА О ЕКАТЕРИНЕ». Многосерийный фильм
3.25 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
3.50 «KÖREMIZ» бағдарламасы
4.40 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00 Х/с «Женский доктор»

- 11.10 Х/с «Балабол»
13.20 Т/х «Пәленшеевтер» Тұсаукесер!
14.40 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
15.40 Т/с «Гадалка»
16.10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
17.20 Х/с «Женский доктор»
19.30 Х/с «Балабол»
22.00 Шаншар
00.10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01.10 Т/с «Гадалка»
01.50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
02.50 Jaidarman
03.50 Айна-online
04.30 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.25 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ», қытай телехикаясы
09.25 «ИСПЫТАНИЕ-2», мелодрама (худ. сериал)
10.20 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», мелодрама (повтор) (худ. сериал)
12.30 «ПОДРАЖАТЕЛЬ», детективная мелодрама (повтор) (худ. сериал)
14.40 «КӨРІПКЕЛ»
15.50 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», мелодрама. В ролях: Анастасия Иванова, Иван Головкин, Александр Рудько (худ. сериал)
23.40 «ПОДРАЖАТЕЛЬ», детективная мелодрама. В ролях: Евгений Дятлов, Максим Дрозд, Полина Филоненко. Премьера! (худ. сериал)
01.30 «ЧУМА», криминальная мелодрама (повтор) (худ. сериал)
02.15 «ӨКІНІШ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тобыл» – «Ордабасы»
09.05 «Су ханзадасы» Деректі фильм
09.50 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
10.25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Плей-офф. «Виктория Пльзень» (Чехия) – «Карабах» (Әзербайжан)
12.30 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.55 «Железные люди» – Ironman 2022. Специальный репортаж

- 13.05 Международный турнир по трем видам борьбы «Bolat Turlykhanov Cup»
16.10 ДНЕВНИК. «SUPER BOL!». 36 выпуск
16.25 «Маңғаз Маңғыстаудағы құрлықтық дода». Арнайы репортаж «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
17.15 «PRO HOCKEY». Президент Кубогының қорытындысы
17.50 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). Жапония – Куба. Тікелей эфир
19.55 ДНЕВНИК. «SUPER BOL!». 36 выпуск
20.10 «PRO FOOTBALL». Қазақстандық клубтардың еврокубоклардағы ойындарының қорытындысы
20.45 MMA. «ALASH PRIDE 73»
23.15 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
23.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.20 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Ерлер). Польша – США. Тікелей эфир
02.25 «QAZAQ STYLE». 6 бөлім
02.35 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
7.50 «Мумилер өлкесі» Мультхикая
8.15 «Қайсар автобус» Мультхикая
8.45 Анимация. Отандық / «Сәби»
9.05 «Хайди» Мультхикая
9.30 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
10.00 «Үйшіктер» Мультхикая
10.15 «Кітап қана» танымдық бағдарлама
10.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая
10.50 «Адал достар» Мультхикая
11.05 «Qaitaliyq» спорттық бағдарлама
11.15 «Горм сақшылары» Мультхикая
11.40 Анимация. Отандық / «Менің елім»
12.00 «Ауыл жұлдыздары» телехикая
12.40 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
12.45 «Смайтиктер» Мультхикая
13.05 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
13.15 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
13.25 «Дуда мен Дада» Мультхикая
13.50 «Балапан жұлдыз» патриоттық әндер жинағы
14.05 «А4» ситком
14.30 Анимация. Отандық / «Бабалар ізі»
14.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
15.25 «Үйшіктер» Мультхикая
15.40 «Шебер Мәнни» Мультхикая
09.00 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Х/ф «Малышка на миллион»
14.45 К/ф «Бауырым»
17.15 К/ф «Бауырым 2»
20.00 Т/х «Тақиясыз періште»
21.00 Х/с «От любви до ненависти»
01.20 Т/п «Жұлдыздың жары»
01.50 Jaidarman
02.50 Т/х «Япырай»
04.00 Т/п «Тамаша»
05.30 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ӘН МЕН ӘНШІ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа

10.50 «НА КАЧЕЛЯХ СУДЬБЫ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ЧУЖАЯ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
01.30 «ЧУМА», криминальная драма (повтор) (худ.сериал)
02.10 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-
04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 «Татулықты ту еткен ойындар». Арнайы репортаж
07.25 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Динамо Минск» (Минск) – «Барыс» (Нұр-Сұлтан)
09.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
10.20 «SUPER BOL!». 9 выпуск
11.10 Көркем гимнастикадан ҚР Чемпионаты. Финал. 3-күн
14.40 «PRO FOOTBALL». Қазақстандық клубтардың еврокубоктардағы ойындарының қорытындысы

15.15 ФУТБОЛ. «Тур по туру». Прямой эфир
15.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Шахтер» – «Тараз». Тікелей эфир
18.00 «Боз кілемге барын салған». А.Кебіспаев. Деректі фильм
18.35 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
19.30 ТАЭКВОНДО. Гран-При – 2022. Прямой эфир
21.30 «SUPER BOL!». 9 выпуск
22.20 ФУТЗАЛ. Чемпионат Европы. U-19. Франция – Италия. Прямой эфир

00.00 «QAZAQ STYLE». 10 бөлім
00.35 «Маңғаз Маңғыстаудағы құрлықтық дода». Арнайы репортаж
00.50 ФУТЗАЛ. Чемпионат Европы. U-19. Испания – Румыния. Прямой эфир
02.30 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»

7.40 «Супер әке» Мультхикая
8.00 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая
8.45 «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05 «Ақылды тентектер» Мультхикая
9.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая
9.35 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
10.00 «Баданаму хикаялары» Мультхикая

10.30 «Көке» ситком
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая

11.45 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
12.20 «Табиғат сақшылары» ситком

12.45 «Қырық төрт мысық» Мультхикая
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 «Үздік қойылым» телехикая

13.55 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама

14.10 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.40 «Клео мен Кукин» Мультхикая

15.00 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»

15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама

15.15 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»

15.30 «Супер әке» Мультхикая
15.50 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая

16.10 «Дарын мен Айзере» ситком

16.25 Анимация. Отандық / «Көжектер»

16.55 «Көке» ситком
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая

17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы

17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»

17.55 Анимация. Отандық / «Бұзығым»

18.35 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая

18.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая

19.20 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»

19.50 «Көңілді құндыз» Мультхикая

20.05 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»

20.25 «Үздік қойылым» телехикая

20.55 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»

21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая
21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая
23.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
23.35 «Клео мен Кукин» Мультхикая
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Үздік әзілдер»
06.10 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
12.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
15.00 «Отбасы» телехикаясы
16.20 «Аташка на хайпе» Х/ф

18.00 «Өзілің жарасса...» концерті
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.50 «Кеш келген махаббат» Х/ф
02.30 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы



TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты

10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау

12.00 Ұлт саулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Саулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Кестелі орамал
14.50 Саулықтың сыры
15.00 «Тәссаодағы тіршілік формуласы» – 1, 2 бөлім

16.30 Ұлттық спорт – «Теңге ілу»
17.20 Айтыс-Fights
17.40 Бабалар сөзі – өсиет
18.00 Talim Speakers
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы

20.00 «Бір дубль»
21.00 Дара тіл
21.30 «Шымкентский вариант» – Қысқа метражды фильм

22.00 Абайдың жолы
22.30 Латын
23.00 Тәлім History
23.30 Orkeni style



«Менің атым Қожа». Көркем фильм. «Хабар» арнасы. Сағат 11.00-де.



ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

МАЛДАС ҚҰРЫП ОТЫРУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Ғалымдар адам тамақ ішкенде малдас құрып отырғаны пайдалы екенін дәлелдеді. Яғни қазіргідей жаппай үстелде отырып тамақ ішкеннен дастарханды жерге төсеп, малдас құрып отырған әлдеқайда артық екен.

ДЕРЕКТЕР СӨЙЛЕСІН

Қазіргі таңда көпшіліктің жұмысы көп қозғалысты талап етпейтіндіктен, қан айналымы нашарлап, бұлшық еттегі зат алмасуы (метаболизм) қиындағаны бойынша деректер жиі тіркеледі. Бұның бәрі – орындықта отырып ұзақ жұмыс істеудің салдары.

АҚШ ғалымдары Африка тайпаларының жүріс-тұрысын зерттеу нәтижесінде диванға немесе орындыққа отырғаннан гөрі тізерлеп жерге жайғасқанның әлдеқайда пайдалы деген қорытындыға келген.

Оңтүстік Калифорния университетінің ғалымдары Танзанияда терімшілік, аң аулаумен айналысатын хадза тайпасының тыныс-тіршілігімен танысып, олардың физикалық белсенділігі мен демалысын есептеп отыратын қондырғы орнатқан. Ғалымдар қол еңбегімен айналысатын адамдардың физикалық белсенділігі жоғары деп ойлаған еді басында. Алайда, хадза тайпасының адамдары күніне, шамамен, бір сағат қана физикалық белсенділікте болатыны белгілі болды.

Ғалымдар африкалық тайпалар кез келген жұмысты малдас құрып істейтінін байқаған.

«Бұдан шығатын қорытынды, бұрынғы адамдар да қимылсыз, қозғалыссыз өмір сүрген қазіргілер сияқты. Бірақ бұрынғы адамзаттың артықшылығы сол – табиғатпен етене, тете өмір сүргендігі. Яғни адам жаратылысынан асып ештеңе істеген жоқ, болмысы мен қарым-қабілеті әу баста қалай болды – солай өмір сүрген», – дейді АҚШ зерттеушілері.



Ғалымдар күні бойы 9-10 сағат бойы тағатсыз тыныш отыратын тайпа өкілдерінің созымалы аурулардан ада екендігіне таңқалған. Бұған арнайы зерттеу жүргізген мамандар хадза халқының тізерлеп не малдас құрып отыратынын жиі байқаған.

«Малдас құрып отырған адамның қан айналымы орындықта отырған адамдікіне қарағанда жақсырақ. Бұлшық етке түсетін салмақ та көбірек. Тізені бүгіп отырған кезде аяқтағы бұлшық еттің бүкіл бөлігі қимылға келіп, қан айналымы, зат алмасуы жақсы болады. Ал орындыққа отырғанда бұлшық еттің біраз бөлігі қимылсыз қалады. Мұны бұлшық етке тағылған арнайы қондырғы анықтап берді», – дейді ғалымдар.

Ал тізерлеп не малдас құрып отырған адамның бұлшық еттері көп энергия тұтынатындықтан, ағза оған қажет жанармайды табу үшін майды «жаға» бастайды. Сондықтан тізерлеп отырған хадза тайпасының адамдары 10–12 сағат бойы кеңседе, үйде, көлікте отыратын қазіргі адамдарға қарағанда денсаулығы жақсы екені анықталған.

Енді зерттеу жүргізген авторлар отырып жұмыс істейтін адамдарға арасында тізерлеп не малдас құрып отырғаны жөн деп кеңес беруде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«АТАЛАРЫМЫЗ БІЛГЕН ҒОЙ»

Шетелдік зерттеушілердің деректерінен малдас құрудың қан айналымын жақсартатынына куә болдық, енді ерекше отырудың жүйке жүйесіне әсерін зерттеп көрмекпіз.

Гүлзат ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ, невролог-дәрігер:

– Ата-бабаларымыз бұрыннан малдас құрып отыруды әдетке айналдырған. Малдас құрып отыру кезінде ең алдымен ми және мидың бөліктері демалады, сонымен қатар жұлын, мойын, кеуде, беломыртқа, сегізкөз, құйымшаққа да керемет әсері бар. Себебі, ағзамыз босаңсып, тыныс алған кезде сәйкесінше ішкі мүшелеріміз де босаңсиды. Малдас құрып отырғанда, әсіресе, кіші жамбас қуысындағы бұлшық еттер, қуық қызметі, әйел адамның жыныс мүшелері және ер адамның жыныс мүшелерінің қан айналымы жақсарады. Бұл отырыс мойын, кеуде, беломыртқа ауруларын, яғни остеохондроз, люмбагия, омыртқа жарығы секілді аурулардың алдын алады. Сондай-ақ, ауру сезімін бәсеңдетіп, қысылып қалған жүйке талшықтарын босаңсытады. Салтымызда сақталып, медицинада мақұлданған малдас құрып отыруға дініміз не дейді?

Жалғас ҚҰДДЫМҰРАТ, дінтанушы:

– Малдас құрып отыру дініміз бен салтымызда ер балаға ғана тән етілген. Қыз бала ешқашан малдас құрып отырмаған. Сондықтан егер ер бала қонақтықта немесе дастархан басында малдас құрып отырса еш әбестігі жоқ. Оған дініміз де қарсы емес. Бірақ қыз баланың көпшілік алдында малдас құрып отыруы түбегейлі дұрыс емес. Қыз бала тізерлеп, аяқтарының ұштарын оң жаққа иілдіріп отырғаны абзал. Ал егер, ешкім жоқ жерде қандай да бір жаттығумен айналысу барысында малдас құру керек болған жағдайда ешқандай шектеу қойылмайды. Денсаулығын жақсарту бойынша малдас құру арқылы жаттығуларын істей беруіне болады.



БІР САУАЛ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ КӨҢІЛ АЙТУҒА БОЛА МА?



Хасан АМАНҚҰЛОВ,
дінтанушы:

– Көңіл айту, мәйітті жерлеуге көмектесу, мейірім көрсету кәдімгідей уайым-қайғыны азайтады, қазаны шаттыққа ауыстырады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім қайғылы адамға көңіл айтса, оған сол азаға берілген сауап мөлшерінде сауап беріледі», – деген (Тирмизи). Телефон және интернет арқылы ауызша айтып немесе жазбаша түрде хабарлама жіберіп көңіл айтуға болады. Өйткені, көңіл айтудағы мақсат – азалы адамға өзінің сезімін, тілегін білдіру, оны жұбату, сабырға шақыру. Сондай-ақ, азалы адамға бір рет көңіл айтқан болса, онда екінші рет айтудың қажеті жоқ (Фәтауи Хиндия, 1/228).

Қаралы адамға «Алла марқұмды жарылқасын, күнәсін кешірсін, мейір-шапағатына алсын, сондай-ақ сізге сабырлық және сол арқылы сауапқа жетуді тілеймін» сияқты сөздермен көңіл айту мұстахаб саналады (Фәтауи Татархания, 1/620). Ең жақсы көңіл айту үлгісі Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан мына сөздері: «Шынында, алғаны да Алланыкі, бергені де Оныкі. Оның құзырында әрбір нәрсенің ажалы (мерзімі) белгіленген» (Бұхари).

ТІГІН КУРСЫ


ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қоры Алматы қаласы өкілдігі және «Әйел-қыздар» секторының ұйымдастыруымен Алматы қаласының Орталық мешіті жанынан ашылған «Бір кәсіпті меңгер» тігін курсының екінші түлектері бітіріп шықты.

БІР КӘСІПТІ МЕҢГЕР

Курс аяқталуына орай сертификат табыстау рәсіміне Алматы қаласы Орталық мешітінің бас имамы Төлеби Оспан қатысып, курсқа қатысқан нәзік жанды әйел қауымына кәсіп меңгеру турасында насихат айтып, курсты аяқтағаны жайлы сертификат және 10 000 теңге көлемінде азық-түлік сертификатын табыстады. Шара соңында батасын беріп, дұға жасады. Нарық заманының әрі кәсібі әрі хоббиі іспеттес болған тігін курсын аяқтаушы ханымдар ұйымдастырушыларға алғысын жаудырды.

ЖӘДІГЕР

ЕҢ КӨНЕ ҚҰРАН



Қытайдың оңтүстік-шығыс аймағындағы Цзеңзы мешітінде Шығыс Азиядағы ең көне Құран сақтаулы тұр. Бұл мешіт Сюньхуа-Салар автономды округінің Санланбахай ауылында орналасқан.

Мамандардың пікірінше, Құран қолжазбасы VIII-XIII ғасырларға жатады. Осы өңірді мекен ететін Салар атты түркі тайпасы оны 800 жылдай бұрын Орта Азиядан алып келген. 2007 жылы Қытай үкіметі қолжазбаны реставрация жасауға қаражат бөлген. 2009 жылы ол ұлттық мұраның құнды жәдігерлері тізіміне енгізілді. Сол жылы Цзеңзы мешітінде музей жасақталып, Құран температурасы мен ылғалдылығы қолайлы әйнек ыдыстың ішіне салынды.

Бетті әзірлеген Айжан БҰРКІТБАЕВА.





● ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҚАРСАҢЫНДА

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

түйінді мәселелерді шешуді көздейді



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл кездесу көптің, әлеуметтің, қоғамның ұсыныс-ойларын тыңдауға арналды. Себебі, алда, дәлірек айтсақ, қыркүйекте Ұлттық қайырымдылық конференциясы өтпек. Сол конференцияда қордың толықтырылған жаңа Тұжырымдамасы және бағдарламалары мен жобаларының перспективі қабылданатын болады.

Өткен шілде айынан бастап 19 тамызға дейін қор тарапынан 35 «зум» ұйымдастырылып, оған Қазақстанның барлық өңірінен 800-ден астам үкіметтік емес ұйым қатысқан. «Зумға» қатысушылар қордың бағдарламаларымен, жобаларымен таныса отырып, өз ұсыныстары мен жобалары туралы да айтты. Тамыз айының соңына дейін барлығы 48 «зум» өтетін болады. Сондай-ақ, қор Қазақстанның 18 өңірінде әкімдіктермен бірлесіп офлайн-кездесулер өткізді. Алматыдағы кездесу 19-шысы. Кездесулердің нүктесі Нұр-Сұлтан қаласында қойылды. «Зумдарда», офлайн-кездесулерде айтылған ұсыныстар, сауалнама жауаптары қордың бағдарламалары мен жобаларының перспективісін әзірлеген кезде ескеріледі.

Болат Жәмішев айтқандай, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры құрылғалы бері келіп түскен барлық өтінім қаралып, әрбір өтінім бойынша тиісті шешімдер қабылданған. Қазақстандықтардан келіп түскен өтінімдерге жүргізілген талдаудан кейін Қамқоршылық кеңес және «Қазақстан халқына» қорының басқармасы қайырымдылық көмек көрсету бойынша бірқатар бағдарлама мен жобаларды іске қосу туралы шешім қабылдаған. Енді осы бағдарламаларға тоқталып өтсек.

Ауыл мектептеріне басымдық беріледі

«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» бағдарламасы шеңберінде Atamekenim.kz сандық платформасына жұмыс істеп жатқан студенттерден, олардың ата-аналарынан 1500-ге жуық өтінім келіп түскен.

Басқарма төрағасының айтуынша, бакалавриат бағдарламасы бойынша студенттер мен талапкерлерге барлығы 2350 грант бөлінді. Ол бастапқыда 360 грант бөлу жоспарланғанын, бірақ өтініштердің көп болуына байланысты бұл сан ұлғайғанын атап өтті. Қор есебінен оқитын студенттерге 40 мың теңге көлемінде шәкіртақы белгіленген. Талапкерлер үшін білім беру гранттары мен стипендияларының саны әрбір ЖОО-ға 10 грантқа дейін ұлғайтылды. Ұлттық жоғары оқу орындарына 20-ға дейін грант беріледі. Бағдарламаға 79 ЖОО қатысады, оның 27-сі Алматыда орналасқан.

Қордың «Ауылдық жерлерде тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы да оң нәтиже беруде. Жобаның мақсаты – ауыл мектептерінің еліміздегі ең мықты деген үздік мектептермен тығыз әріптестік байланыс орнатуына дөңкер болу. Сондай-ақ, ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және педагогтардың кәсіби шеберлігін шыңдауына жағдай жасау, сөйтіп барлық мектептегі білім деңгейінің тең болуына, яғни бірі кем, енді бірі артық болмауына назар аудару. 17 ауыл мектебі білім берудің барлық пәндері мен бағыттары бойынша жаңа заманауи модификациялы кабинеттерге ие болмақ.

Ерекше балаларға – ерекше қамқорлық

«Арнайы білім беру ұйымдарын жарактандыру» қайырымдылық бағдарламасының да мақсаты биік. Бұл жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары болып табылатын арнайы ұйымдарды қолдауға бағытталған. Бағдарлама шеңберінде 2022–2024 жылдар аралығында 99 арнайы мектеп ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту жоспарлануда.

Биыл бағдарлама шеңберінде негізінен ауылдық жерлерде, елдің шағын және монокалаларында орналасқан 31 арнайы білім беру ұйымын материалдық-техникалық тұрғыда

Естеріңізде болар, биыл жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен денсаулық, білім және әлеуметтік салалардағы мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылған болатын. Өткен аптада Алматыда сол қоғамдық қор өкілдерінің қатысуымен «Дөңгелек үстел» басында келелі әңгімелер қозғалды.

Кездесуде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Басқарма төрағасы Болат Жәмішев қордың қызметімен таныстырып, іске асырылып жатқан тың бағдарламалар мен жобалар туралы баяндады. Сондай-ақ, жиынға қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды.



жарактандыру көзделген. Сондай-ақ, бағдарлама арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығын жабдықтауға арналған өтінімді қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Бөбектерге де қамқор боламыз

Қордың «Офтальмологиялық скринингке және шала туған нәрестелердің ретинопатиясын емдеуге арналған медициналық ұйымдарды жабдықтаумен қамтамасыз ету» бағдарламасы да бар.

Бүгінгі күні медициналық ұйымдарда офтальмологиялық скринингке арналған тиісті жабдықтың болмауынан шала туған нәрестелердің ретинопатиясын анықтау және емдеу проблемасы өзекті күйінде қалып отырған көрінеді. Салдарынан шала туған сәбилер көз ауруларының ауыр түріне шалдығуда. Сондықтан қоғамдық қор осындай бағдарламаны да қолға алып, соның шеңберінде 31 медициналық мекемені офтальмологиялық жабдықтаумен қамтамасыз етуге көзделіп отыр.

Ал «Тамыр патологиясы бар балаларға медициналық көмек көрсету» бағдарламасы балалардың туа біткен қантамыр патологиясы проблемаларын шешуге бағытталған. Оның шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан гемангиома диагнозы қойылған 18 жасқа дейінгі балаларға – мүгедек балаларға және көпбалалы отбасылардан шыққан жеткіншектерге, сондай-ақ, толық емес және аз қамтылған отбасылардан; мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балаларға медициналық көмек көрсетілетін болады және ата-анасының біреуі мүгедек балаға да көмек қолы созылады.

Сондай-ақ, «Көз аурулары бар, оның ішінде мөлдір қабықты трансплантациялауды қажет ететін пациенттерге қайырымдылық көмек көрсету» бағдарламасы да іске қосылған. Ол көз аурулары бар пациенттерге (бірінші кезекте балаларға, жастарға және еңбек етуге қабілетті тұрғындарға), атап айтқанда, соқыр болып қалу қаупі төніп тұрған жандарға медициналық көмек көрсетуге бағытталған.

Қымбат дәрілер жеткізілді

Биылғы 28 наурызда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесі орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік препараттармен қамтамасыз ету жөніндегі жобаны бекіткен болатын. Осылайша қор орфандық ауруы бар ауыр науқастарға ауадай

қажетті «Рисдислам» (Эврисид), «Цинрайз», «Миалепта» препараттарын сатып алып берді.

Биылғы 22 шілдеде Атырау облысының туа біткен орфандық ауруы бар 2 кішкентай тұрғынына перепараты (720 құты) жеткізілді. Ал 28 шілдеде Павлодар облысының тұқым қуалайтын ангионевроздық ісіну диагнозы бар 2 пациенті үшін дәрісі сатып алынған.

Ал «Аутизм және басқа да психикалық ауытқулары бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» қайырымдылық жобасы аутизм және басқа да менталды бұзылыстары бар балаларға арналған 8 орталықты материалдық-техникалық жарактандыруға, инфрақұрылымды дамытуға және орталық қызметкерлерін оқытуға бағытталған.

Экзоскелеттер көмекке келеді

Мүгедек балалар мен жастарды инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастардың (14–29 жас) күнделікті өмірін жеңілдетуге бағытталған және оларға әлеуметтенуге мүмкіндік береді. Бағдарлама протездік-ортопедиялық бұйымдарды, оның ішінде әрбір пайдаланушының қажеттіліктерін

ескере отырып дайындалатын бионикалық протездерді жергілікті өндірушілерден сатып алуды көздейді.

Бүгінгі күні протездік-ортопедиялық бұйымдарды таңдау мемлекеттік бюджеттен кепілдендірілген сомамен шектелген және неғұрлым функционалдық протездік-ортопедиялық бұйымды сатып алу үшін мүгедек адамдарға қосымша қаржыландыру талап етіледі. Мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесі сапалы техникалық оңалту құралдарын сатып алуды қаржыландырудың жеткіліксіздігінен мұқтаждардың қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды дұрыс таңдау үздіксіз оңалту процесін қолдау, қозғалыс бұзылыстары бар адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен белсенділігін қамтамасыз ету және тәуелсіз белсенділіктің шекарасын кеңейту үшін қажет.

Бағдарлама балаларға тиімді оңалтудан өтуге, қатар жүретін аурулардың даму қаупін азайтуға, дене және психосоциалдық көңіл күйді жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл да олардың қоғамдағы әлеуметтенуі үшін өте маңызды. Қорға балалары техникалық оңалту құралдарына, соның ішінде экзоскелеттерге мұқтаж ата-аналардан 300-ден астам өтініш келіп түскен. Бағдарлама аясында жыл соңына дейін 13 экзоскелет жасап шығару жоспарлануда. Қазірдің өзінде 4-еуінің өлшемі алынып, өндіріс процесі жүріп жатыр.

«Тұсаукесер»

Еліміздің шалғай елдімекендерінде балалар спортының қолжетімділігін арттыру үшін «Қазақстан халқына» қоры «Батыр боламын» қорымен бірлесіп, «100 балалар спорт залы» бағдарламасы аясында осы жобаны іске қоспақ. «Батыр боламын» қоғамдық қоры еліміздің облыстары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп, балаларды спортпен қамту қажеттілігін пысықтады, спорттық инфрақұрылымды жоқ елдімекендер, негізінен ауылдық жерлерде анықталды. Спорт залдарын ашу болжанын 24 елдімекен мен нысандардың тізбесі жасалған.

Ал «Тұсаукесер» жобасы балаларға арналған инклюзивті спортты дамытуға бағытталған, жобаны іске асыру шеңберінде «Жас жауынгер» дене шынықтыру-сауықтыру клубының тәжірибесі негізінде еліміздің 5 өңірінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дене шынықтыру-сауықтыру үйірмелерін ашу жоспарлануда.

Үйірмелерге ерекше қажеттілігі бар 300-дей бала қамтылады деген болжам бар. Олар спорттың бес түрі, яғни бокс, армрестлинг, каратэ, ауыр атлетика және жекпе-жек бойынша қатысатын болады. Ерекше балалармен реабилитолог-мамандар жұмыс істейді.

Әлеуметтің өтініш-тілегі ескеріледі

«Дөңгелек үстел» басындағы диалогта «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының Басқарма төрағасы Болат Жәмішев қорға жиналған қаражаттың барлық өзекті мәселелерді бірден шешіп тастауға жетпейтінін атап өтті. Сондықтан бірінші кезектегі түйінді міндеттердің нақтыланатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, ең бірінші кезекте қорға келіп түскен өтініштерге үлкен көңіл бөлінетінін айтты.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры атынан алаяқтар да қоңырау шалатын көрінеді. Сондықтан қор өкілдері тұрғындарды сақ болуға шақырып отыр. Алаяқтар өздерін қордың өкілдері ретінде таныстырады екен. Олар телефон соғып, өздерін «Қазақстан халқына» қорының қызметкерлері ретінде көрсетіп, жәрдемақы ұсынып, «Қазақстан халқына» қорына жүгінгендер материалдық төлемге ие бола алатынын айтады. Төлемді «алу» үшін алаяқтар абоненттерден 1414 қысқа нөмірінен SMS-хабарламада жіберілген кодты жазуды, содан кейін «Қазпошта» АҚ арқылы ақша алуды сұрайды. Ал «Қазақстан халқына» қоры «Қазпошта» арқылы қолма-қол ақшалай төлемдерді тағайындамайды және қор қызметкерлері ешбір жағдайда SMS-код сұрамайды. Алаяқтармен ешқандай ақпаратпен бөліспеңіз және 1414 нөмірінен алынған кодтарды үшінші тұлғаларға бермеңіз. Сондай-ақ, қор мессенджер арқылы бейне-аудиоқоңыраулар жасамайды. Барлық өтінім тек qazaqstanhalqyna.kz (сайтқа сілтеме профильде орналасқан) және atamekenim.kz қайырымдылық ұйымдарының сайттарында бірыңғай реестр арқылы қабылданады, мұнда қолданушы өз өтініші жайлы толық ақпарат ала алады.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге 3 айға – 1801,50 теңге	15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге 3 айға – 4861,50 теңге	95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге 3 айға – 1321,50 теңге
--	---	--

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырман-дарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Комета» ЖШС-ға:

• сату бөлімінің басшысы;
• сату жөніндегі менеджер;
• қоймашылар;
• ВС санатындағы жүргізушілер керек.
Тел.: 8 701 027 24 04.

Тел.: 8 701 990 09 19.

№136 мектеп-гимназиясына:

• еден жуушылар;
• аула сыпырушы керек.
Тел.: 8 775 703 63 89.

«Toimart» супермаркетіне:

• сатушылар;
• кассирлер;
• СВК бақылаушылары қажет.
Тел.: 8 708 112 21 90.

«КУЗЕТ-МОТОРС» ЖШС-ға:

• күзетшілер қажет.
Тел.: 8 702 694 43 45.

«Тағам» асханалар желісіне:

• материалдар бойынша есепші;
• кассирлер;
• аспаздар;
• аспаз көмекшісі;
• ыдыс жуушылар;
• даяшылар;
• хостес;
• техникалық қызметкерлер керек.
Тел.: 8 777 537 58 75.

«АГМ-Табыс» ЖШС-ға:

• бухгалтер керек.
Тел.: 8 777 385 45 23.

«Маслодел» ЖШС-ға:

• кадр бөлімінің инспекторы;
• жинаушылар;
• әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
• жүк тиеушілер қажет.
Тел.: 8 701 206 08 41.

«Арбуз» супермаркетіне:

• мерчандайзер;
• жүргізуші-курьер;
• СВК бақылаушылары керек.
Тел.: 8 708 585 92 59.

Қоқыс өңдейтін зауытқа:

• манипулятор жүргізушісі;
• автомашиналарды жөндейтін слесарлар;
• эколог;
• сұрыптаушылар керек.
Тел.: 8 771 781 77 06.

«ИНТЕРТИЧ МЕДИЦИНСКИЙ АССИСТАНС» ЖШС-ға:

• бухгалтер қажет.
Тел.: 8 705 666 50 40.

«ПКФ «Сталь Пром» ЖШС-ға:

• бухгалтер керек.

«МЕРЕУ-2030» ЖШС-ға:

• электроншылар;
• дабыл операторы;
• сантехниктер керек.
Тел.: 8 701 760 01 84.

«Фармация ЮНИВЕРСАЛ» ЖШС-ға:

• жүргізуші;
• жүк тиеушілер қажет.
Тел.: 8 701 742 62 39.

«Көктем» санаторийіне:

• медбике;
• горничныйлар;
• наубайшы;
• тігінші;
• call-орталық операторы керек.
Тел.: 8 702 695 93 88;
8 705 806 48 05.

СӘТТІЛІК
СЕРІГІҢІЗ
БОЛСЫН!

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Моншада тонап келген

Алматылық күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

23 жастағы жігіт 10 күн ішінде 4 рет бөтеннің мүлкін ұрлаған. Аталған деректер бойынша қылмыстық істер қозғалды.

«ҚР ҚПК-нің 128-бабына сәйкес, ҚР ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігінің 2, 3-тармағы заңсыз кіру арқылы бөтеннің мүлкін бірнеше рет жымықру бойынша қылмыстық құқықбұзушылық жасады деген күдікпен 23 жастағы К. есімді азамат ұсталды.

Тергеу барысында күдіктінің Әуезов ауданындағы монша кешендерінде ғана ұрлық жасағандығы анықталды. Ол жасырын түрде түрлі маркалы ұялы телефондарды ұрлап, кейін оқиға орнынан бой тасалаған», – деді Әуезов аудандық полиция басқармасының басшысы Ұлан Әбілқайыр.

Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Полиция қызметкерлері күдіктінің осыған ұқсас басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғын анықтап жатыр. Істің толық және жан-жақты тергеуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тергеу әрекеттері жүріп жатыр, нәтижесінде аталған қылмыстық іс сотқа жолданатын болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022Балалар әкелерінің
жұмыс орнында болдыНұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы облысының Жетіген кентінде орналасқан 5574 әскери бөліміндегі оқу-әдістемелік және жауынгерлік дайындық орталығы базасында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының «Үздік жүргізуші», «Үздік БТР экипажы» атты байқау-сайысының екі кезеңі өтті.



Сайысқа өңірлік қолбасшылыққа қарасты Алматы, Қызылорда, Шымкент, Тараз және Талдықорған қалаларында орналасқан әскери бөлімдерден іріктелген нағыз өз ісінің мамандары қатысты.

– Байқау-сайыстың басты мақсаты – әскери қызметшілердің кәсіптік дайындық деңгейін көтеру және көліктерді жөндеу, қызмет көрсету, басқарудағы машықтарын шыңдау. Сондай-ақ, тәжірибелік дағдыларын арттырып, үздік жүргізуші мен үздік әскери экипажды анықтау, – дейді «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары полковник Игорь Поповский.



Ұландықтар БТР жүргізу (экипаж құрамында), БТР-ден оқ ату, жүріп бара жатып және қысқа кідіріс жасай отырып жылжымалы нысандарды пулеметпен ату, автомобиль жүргізу, техникалық дайындық бойынша нормативтер орындау, БТР-мен тереңдігі 4 метр су кедергілерінен өту,

автомобильді теміржол платформасында тиеу бойынша норматив орындаудан бақ пен бабын сынады.

Жарыстың соңғы күнінде өскелең ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, патриотизмге тәрбиелеу, олардың өмірдің түрлі саласында танылуына ақыл-ой мен дайындықтарын қалыптастыруға бағытталған «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Оған әскери қызметшілердің балалары мен отбасы мүшелері қатысты. Балалар әскери техникалар мен қару-жарақ түрлерін тамашалап, сарбаздардың ботқасынан дәм татты.

– Күніміз керемет өтті. Балалар әкелерінің қайда қызмет ететінін, қандай жұмыс істейтінін көзімен көріп, жақсы әсер алғандарын айтып жатты. Тіпті, алып әскер техникалар мен қару-жарақтарды көргенде, ұлдар жағаның әскерге деген қызығушылығы артты десем, әсірелеп айтқаным емес. Әсіресе, салмағы бірнеше тонна тартатын темір БТР-дің су бетінде еркін жүзгені өрендерді қатты таңырқатты, – дейді 3660 әскери бөлімде жұбайы қызмет ететін ата-ана Нәзира Игілікқызы.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АПТАП ЫСТЫҚТЫҢ БЕТІ ҚАЙТТЫ

Алтын күз есік қағып тұр. Арагидік жаңбыр жауып, қоңыр жел, салқын самал соғатын кез басталды

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Алдымызда күздің басы – қыркүйек айы. Ол алты айдан тұратын суық айлар легінің алғашқысы. Осы айда аптап ыстық басылып, мал тойынып, егін-тегін, бақша өнімдері толық піседі, шаруаның ала дорбасына түседі. Тәжірибеден көріп жүргеніміздей, әрбір айдың басы, ортасы және соңы өзгеріссіз болмайды. Осы негізге сүйенсек, алдағы 3-4 күннің көлемінде жауын-шашын болуы әбден мүмкін. Жаңбыр соңы қайтадан шуақты күндерге жалғасады.

Алда – «Мизам шуақ» бар. Көнекез адамдардың: ««Мизам шуақ» келмей күз басталмайды, күн суытпайды» деген болжамы бар. Аптаның соңына қарай қыркүйек айы басталады. Күздің алғашқы айы. Бұл ай атауы мал шаруашылығына байланысты шыққан. Ол туралы кезі келгенде айтамыз, амандық болса.

5 жұлдыздан тұратын Таразы шоқжұлдызы тамыз айының соңынан мамыр айының ортасына дейін аспан төрінде көрініп тұрады. Бұл шоқжұлдыз төрт түліктің жайымен жиі көшіп-қонып отырған халқымыздың жыл маусымдарын, әр айда туатын амалдарды біліп, соған қарай қам-қарекет жасауына игі ықпал еткен. Бабаларымыз жылды 12 айға бөлгенде алғашқы алтауын (наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз) жылы маусымға, екінші алтауын (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан) суық маусымға жатқызған. Қазір жылы маусымның соңғы күндері ғана қалды, ары қарайғы кезек – суық маусымдікі. Мұны қазекем өліара шақ деп атаған. Алдағы мезгілдердің (күз, қыс, көктем) қандай болатыны осы өліарашақтағы табиғат құбылыстарына байланысты болмақ. Айталық, өліарашақ жауын-шашынды болса, қыс боранды болады. Шолпан жұлдызы танертең туса, қыс шаруаға қолайлы болып, көктем ерте шығады, т.б.

Қазір өткен жолы сөз еткен сарша тамыз амалы (20–25 тамыз аралығында) бүгін бітті. Бұл – тамыздың соңы деген мағынаны білдіреді. Шөп сабағы сарғайып, кейбірі қурай бастайды. Алда ма-



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КҮЗДЕ

- Тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ, жылы болады.
- Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.
- Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғары жасайды.
- Аққу солтүстіктен оңтүстікке қарай кеш қайтса, күз әрі ұзақ, әрі жайлы болмақ.

сақ амалы бар. Ол мизамның 15 жаңасына дейін жалғасады. Ары қарай егін, бақша өнімдерін жинау, қошқарға және еркек тоқтыға күйек байлайтын «күйек» амалы келеді. Күздің қарбаласы басталады. Егін жиналып алынған атызға мал жайылады, кәрі-құртаң, бала-шаға масақ тереді. Қарт кісілер егіншіден кеусен сұрайды. Егін бітік болған жылы кеусенді керсен-керсенімен таратады.

«Таразы туса, таң салқын, бидай, тары піседі» деген мақалдың айтылған мерзімі келді. Себебі, таразы жұлдызының тууы шілденің соңындағы жеміс-жидек пен

егіннің пісетін кезіне тура келеді. Ал сүмбіленің тууы тамыздың соңғы жартысы мен қыркүйектің бастапқы кезіне тура келеді. Осы кезде шөп пісіп, шық түсіп, жылқы малының шыбын-шіркейдің жаны жай тауып, қоң жинап, қоңыр күздің келе жатқан нышаны байқалады.

Бүгін григорианша, тамыздың 25-і, ай бойынша – 27-сі, қазақша – айдың 10-шы жұлдызы. Апта айдың соңы мен басына сәйкес келгендіктен де аспанды бүлт торлап, аздаған жауын-шашын болуы ғажап емес. Бірақ ол ұзаққа бармайды. Шуақты күндер әлі алда жеткілікті.

КӨРМЕ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде Қазақстанның кәсіби суретші-сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің «Қоңыр маусым» атты көрмесі ашылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығының негізінде ежелден адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Суретші-шеберлер әртүрлі әдістер мен материалдардың көмегімен эстетикалық және көркемдік құндылықтарды сала отырып, пайдалы ғана емес, сонымен қатар әдемі бұйымдар жасаған. Көрменің мақсаты – музейге келушілерді әртүрлі стильдер мен жанрлармен, заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі дәстүрлі және инновациялық тәсілдермен таныстыру.

«Қоңыр маусым» көрмесіне – Шолпан Дайрова, Гульнар Омарова, Лаура Федотова, Наталья Полянских, Айгуль Рахманова, Гульшат Джураева, Гаухар Сабит, Бибигуль Кабулова, Наргиз Рахманова, FineDeco.Art атты Қазақстанның кәсіби суретшілері жасаған таңғажайып әдемі гобелендер, киізбен кестелеген паннолар, батиктен жасалған бұйымдар, мозайка және сәнді қуыршақтар мен сөмкелер қойылды.

Заманауи қолданбалы өнердің тақырыптық спектрі шексіз кең. Шебердің әр жұмысы оның бай, ішкі және рухани әлемінің көрінісі. Өйткені, суретші оған жанының, қиялының, шығармашылықтың энергиясын салады. Көрмеге шеберлердің әртүрлі техникада жасалған 52-ден астам өнер туындылары ұсынылған.

Еске сала кетейік, көрме 5 қыркүйекке дейін болады.

«Қоңыр маусым»

